

# Мықтыбай батыр

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі 30 жылдығына,
Мықтыбай батырдың 300 жылдығы мен ҚР Ұлттық
Ұлан Әскери институтының 25 жылдығына арналды.

Нұрлан Мұхаметқалиев
Жанбатыр Сартаев

# МЫҚТЫБАЙ БАТЫР

Алматы
«Қазақ университеті»
2022

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5қаз)
М 86

**Мұхаметқалиев Н.**
М 86 Мықтыбай батыр / Н. Мұхаметқалиев, Ж. Сартаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 168 б.
**ISBN 978-601-04-5874-1**

567964

XVIII ғасыр ортасында жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен Мықтыбай батыр жайлы ғылыми-практикалық конференция материалдары негізіндегі бұл кітапта тарихи-танымдық, өлкетанымдық деректер, зерттеу мақалалар берілген.

Жинақты жоғарғы оқу орындары студенттеріне, мектеп оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие беруде методикалық құрал ретінде пайдалану ұсынылады. Сондай-ақ бұл кітап ел мен жер тарихына, тұлғатануға қызығатын қалың көпшілікке арналған.

Авторлық редакциямен жарыққа шықты

**ӘОЖ 821.512.122**
**КБЖ 84(5қаз)**

ISBN 978-601-04-5874-1

© Мұхаметқалиев Н., Сартаев Ж., 2022

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

# ТАРИХ – ӨМІР ҰСТАЗЫ



Өз Отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет – әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз елінің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Сезімнің нысанасы –туған жер, табиғат, дін, тіл, дәстүр, тарих, әдебиет, өнер. Олар жеке тұлғаны ерекше жылылық, сүйіспеншілік сезіміне баулып, сезімнің қайнар көзі болады. Тарихқа қызығушылық тууы заңды нәрсе. Түбегейлі өзгеріс болған жерде ұлттық сананың оянуы болады.

Ел қамын, туған жердің тұтастығын нағыз патриоттық сезіммен, шынайы ісімен көрсеткен Есіл өзені бойында бір соғыста Мықтыбай батыр қалмақ батырымен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына түскенде, жалынып өлтірмеуін

өтінгенде, Мықтыбай қаншама достары соғыста қырылғанын еске алып: “қазақ сендердің жерлеріңе барып жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздеріңде ”- деген екен. 13 жыл соғыстарға қатысқан, отбасын құрмаған Мықтыбай Орталық Қазақстанда ұрыста мерт болған.

Ұлттық сананың оянуының бір көрінісі – оның өзін-өзі тануға деген ұмтылысы. Ал ұлттың өзін-өзі тануының бір жолы – төл тарихын білу. Тарих ұлттық рухты күшейтуші, тарихи танымды арттырып, ұлттық сананы қалыптастырушы рөл атқарады.



Осы тұрғыдан алғанда, Солтүстік Қазақстан облысы тарихы, тарихи тұлға, өнер иелерінің өңірді дамытуға сіңірген еңбектері жайлы баспасөз беттеріндегі ғалымдардың, тарихшылардың мақалаларын, анықтама, әдеби кітаптардағы мәліметтерді жинап,

топтастырып, оқырман назарына ұсынып отырған Нұрлан Ердәулетұлының «Ұлы даланың ұлы есімдері» жинағы өте маңызды еңбек. Адамзаттың ақыл-ой қазынасына олжа салып, әлемдік өркениетке үлесін қосқан Ұлы даланың асыл мұраларын зерделеу тұрғысынан теріскей жерінде қазақ елінің тұтастығы үшін жанын пида еткен ерлер еңбегін келесі ұрпаққа паш етудің маңызы айрықша.

Төлебаев Тұрғанжан Әбеуұлы, Әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеті кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

# АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ- ҚАНТАЙ МЫҚТЫБАЙ БАТЫР

Мықтыбай батыр 1720 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы қазіргі Баян ауылы қонысында туған. Солтүстік Қазақстан облысы энциклопедиясында Баян ауылы құрылғаны тарихы нақты көрсетілген.

Тарихи деректер бойынша, 16 ғасырдың орта кезінде Жоңғариядан Ертіс, Есіл, Ом бойына, 1605 жылы Ақмола, Торғай өңіріне қалмақтар көшіп келіп қоныстана бастағаны белгілі. Жоңғариядан Еділ бойына жетіп қоныстанған ойраттар, торғауыттар мен хошуттар Қырым татарларына, Ноғай хандығына қарсы соғыстарға қатысып, орыс патшасы адамдарының сеніміне кіріп, отты қару-жарақты көптеп сатып алып, әскерлерін қаруландырған. 1607 жылдан торгуттар мен қазақтар арасында жайылым мәселесі бойынша қақтығыстар басталған. Алғашында мал жайылымын қорғаудан бастап ұйымдасқан жастар төңіректі бақылауға алып, өңір тынысына араласады. Қалмақтар жайылым кеңейту мақсатында, басқыншылық жолымен қазақтарға әлсін-әлсін шабуылға шығып тұрған. Жастар арасынан жігерлі, жүректі жігіттер жоңғарлармен қақтығыстарда ерлігімен та-

нылa бастайды. Жастармен Тұрсынбай кардонында әскери жаттығулар жүргізілген. Мықтыбай 30 жігітті ертіп алыс жерлерде қазақ- қалмақ қақтығыстарына қатысады. 18 ғасыр ортасында, 1745 жылы Есіл бойында жоңғар қалмақтарымен 2 үлкен соғыста Қожаберген бастаған қазақ жасақтары жеңген.

Есіл бойында бір соғыста 19 жасар Мықтыбай қалмақтың Едгонжук деген батырымен жекпе-жекке шыққан. Қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына ілінгенде, жалынып өлтірмеуін өтінеді, байлығын ұсынады. Мықтыбай: “қазақ жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздеріңде” – деп, қалмақ батырын найзаның ұшымен түйреп жардан асыра лақтырған. ” Едгонжұқ қалмақ: “Жеті ұрпағыңның соңынан қалмаспын” – деп қарғыс айтқан екен. Мықтыбай жігіттерімен 13 жылдай келімсектермен текетірестерге қатысқан. Орталық Қазақстанда, Нұра өзені бойында 29 жасында бір соғыста қаза болған. Қалмақтың сәуегейі сандырағы келіп, жастай мерт болып, өзіне туған жер топырағы бұйырмай, туысқан ұрпақтарының да көп жылдар жолы болмағандықтан ” сәуегей қалмақ соңынан қалмай келді” – дейді көне көз қариялар.

Ұраны “алаш” Мықтыбай соғыста талай ерлігімен көзге түскен батырдың:

«Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім,
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке

Найзамен жау өкпесін тескен едім » өлең жолдарын Баян ауылы тұрғыны Қабдол Ердәулетұлы айтып отырушы еді.

Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы, батыс бетінде Мықтыбай ауылы зираты бар.1928 жылдан бері Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында.

ҚР ҒА тарих және этнография институтында және Орталық кітапханасының қолжазбалар қорында, 1964 жылы ғылыми қызметкерлер Шадат Есмағамбетовтен, Жанақым Алибаев, Самархан Жұмадиев, Нұғұман Бегалиннен жазып алған мәліметтер сақталған. Мықтыбай батырға арнап ҚР Журналистер Одағы мүшесі Н.Мұхаметқалиев 2013 жылы «Айтұмар» баспасы «Тағзым» атты кітап шығарған. А.Бердібаев, Н. Жапар, Қ.Жұмаханов, Ж. Нүсіпжан сынды ақындар өз өлеңдерін арнаған.

А.Тасболатов 2012 жылы «Есімдері ел есінде» жинағында Мықтыбайдың арғы атасы Қантай, інісі Жәнібек батыр туралы мәліметтер келтірген.

1902 жылы Дала губернаторы Сухотиннен ата жұрты- Мықтыбай қыстауына жер актісін алған Жайлыбай Құдайбергенұлы атасы Қожағұлдан Мықтыбай Жабай, Сары батырлар үзеңгілес болғанын естіген.

Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында Мықтыбай Бекайдарұлы жайлы «Президент және халық», «Қазақ елі», 2016 жылы «Қазақстан Заман», Алматы облыстық «Жетісу», «Солтүстік Қазақстан», «Қызылжар нұры», 2020 жылы Жамбыл аудандық «Ауыл арайы», Шал ақын аудандық «Парыз», «Солтүстік Қазақстан» газеттері беттерінде мақалалар жарық көрді.

2020 жылы Баян ауылы Мықтыбай қыстауындағы зиратта батырдың 300 жылдығына туыстары ескерткіш орнатып, оның рухына дұға жасатты.

Мықтыбай батыр кезінде замандастарымен қатар, үлкен ағаларымен бірге атқа отырып, ауылының малын қорғады, қолына қару алып жаттықты, туған жерін жау шапқыншылығынан қорғауға қатысты. Жауға қарсы тұру тактикаларын үйренді. Кейіннен өзі де қол бастап, төңіректе болған түрлі қақтығыстарға қатысып өрісін кеңейтті. Алыс сапарларға шығатын, өз тарапынан шешім қабылдайтын дәрежеге жетті. Қазақ елінің түкпір-түкпірінен жауға қарсы көтерілген қолдарға жігіттермен қосылып ел қорғауға күш-жігерін салған Қантайдың батыры.

Батырды заманы тудырады. Батырдан батырдың ерекшелігі жоқ, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға құрметті атақ мирасқорлық жолымен берілмеген, әрбір адам жеке басы ерлігімен ие болады. Батыр атағы- кеудеге таққан белгі емес, халқының еріне берген бағасы.

Нұрлан Ердәулетұлының «Ұлы Даланың ұлы есімдері» атты кітабына алғы сөз жазған Қазақтың Әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеті кафедра меңгерушісі, профессор, тарих ғылымының докторы Төлебаев Тұрған Мықтыбай батыр ерлігін зор бағалап, қазақ тарихына із қалдырған, тарихы тұлға деп атап көрсетті.

**Мұқанбетқалиев Караби, КСРО және Қазақстан Журналистер Одағы мүшесі , Қ Р Қауіпсіздік комитеті полковнигі.** 23 қазан 2020 жыл

# ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ХАТТАМАСЫ

Баян ауылы 27 маусым 2021 жыл



Конференцияны Петропавл қаласы ардагерлер Кеңесінің төрағасы, Баян ауылы тумасы Жанкелді Тажин ашты.

Конференция жұмысына хатшы Асқар Сұраған.

Ол конференцияға қатысып отырған қонақтарды таныстырды.

Конференцияда Баян ауыл тумасы, Қазақстан Республикасы Журналистер одағы мүшесі Нұрлан Мұхаметқалиев "Мықтыбай батырдың қоғамдағы алатын орны" атты баяндама жасады.

**1. Нұрлан Ердәулетұлы Мұхаметқалиев.** Батырлар институты ұғымы дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымының ажырамас бөлігі, өзіндік ерекшелігі бар жеке әлеуметтік категория. Тарихи-мәдени дамудың өзіндік ерекшелігіне байланысты

елдің қауіпсіздігін, мемлекет тәуелсіздігін, ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі қоғамда әскери іспен кәсіби тұрғыда айналысатын адамдардың пайда болуын, олардың осы қоғамдық функцияларды атқаруды өз міндетіне алу барысында жеке әлеуметтік жік ретінде қалыптасуына әкелді. 17-ғасыр аяғы 18 ғасыр басындағы қоғамның ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері, тарихи қалыптасқан жағдай қазақтың барлық өмірін әскерилендіруге әкеліп, батырлар институтының ықпалының артуын туғызды. Халқымыз өміріндегі соғыстың орны мен олардың жалпы өмірінің әскерилену ерекшелігі олардың психологиясы мен идеологиясына өз әсерін тигізген. Батырға тән ар-намыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрі қалыптасты. Олар ерлік пен ізгілікті мұрат тұтты. Батырдың басты міндеті елі мен жерін жаудан қорғау, нағыз батыр жүрегі ізгілік пен мейірімге толы, достыққа адал, сертке берік, елге тұтқа әрі пана бола білетін тұлға болды. Батырлардың рухани-моральдік бет-бейнесі мен негізгі қызметі ежелден өмір салты халқымыздың этномәдени жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасты. Сондықтан, әрбір жас жеткіншек батыр атағын иелену үшін сол әлеуметтік ортаның талаптарына сай болуы керектігін түсініп өсті. Оның есімі де ерекше, өзіне лайық тұлпары, қару-жарағы, сүйікті жары, досы, қолдап-қоршап жүретін пірі де болады.

Белгілі батыр мен би, жыраулар Абылайды жоңғарларға қарсы азаттық күресін басты ұйымдастырушысы, жер тұтастығы мен елдігін сақтап қалатын тұлға ретінде қолдап, көмек көрсетті. Мықтыбай 18 ғасырдың 40-жылдарынан бастап қазақ даласын

жоңғарлардан азат ету ісінде көзге түсіп, жеке-дара жарып шыққан қазақ батырының біріне айналады.

Батырлар- халқымыздың жауынгерлік рухы мен ерлік тарихының негізі. Қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымы, мәдени-рухани жүйесінде өзіндік орны болған батыр рөлі мен қызметін қайта зерделеу, оны жас ұрпаққа дәріптеу- кезек күттірмес мәселе.

Онжылдықтар бойы бұл кезеңді зерттеуге тыйым салынды (1944 жылы саяси себептер бойынша Қазақстанның көшпелі әлемінің ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуге тыйым салатын жарлық шықты).

Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл шымылдық аздап ашылып, бірнеше ғасыр бұрын болған оқиғаларға жарық түсіруге, хандық билік пен мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңіндегі қазақ халқының тарихи өткенін қайта жаңғыртуға мүмкіндік туды.

Қазақтың батыры барлық қазаққа ортақ. Себебі ол біртұтас қазақ жерін жаудан қорғауға қатысады. Баяндамашы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылының модульдік кітапханасында Мықтыбайдың 300 жылдығына арнап өткізілген дөңгелек столда батыр өміріне байланысты деректер көрсетілген банерді, видео-жазбадан үзінділерді пайдаланды.

Конференция "Елім менің"атты әнді Шелек ауылдық Мәдениет үйінің директоры Беков Ринат пен дәстүрлі әнші Бахтияр Мұхаметжанның домбырамен орындауында ашылды (хаттамаға тіркелді). Мықтыбай батырға арнаған Семейлік Қалибек Жұмахановтың "Жауын найза ұшына ілген Мықтыбай", Алматы облысынан Жібек Нүсіпжанның "Қасиетіңнен айналдым Мықтыбай баба" өлеңдерін өздері оқыған аудио -жазба тыңдауға ұсынылды. Конференция жұмысына

қатысушылар Қарағанды облысы Шет ауданы Ақжал кентінен 20 шақырым жерде Қарабұлақ өзені жағасында 18 ғасырда жоңғар қалмақтарына қарсы күрескен Баян батыр Қасаболатұлы мен оны серіктері жерленген жерде, ескерткіш алдында Ақжал кенті рудниктің атқарушы директоры Жақсыбек Қасқатаев, Қарабұлақтағы шаруа қожалығы жетекшісі, зейнеткер Сартаев Тұрбек, Шет ауданының тумасы, қоғам қайраткері Алматы қаласы тұрғыны, зейнеткер Баешов Өмірсерік сөз сөйлеп, арнайы келген қонақ Нұрлан Ердәулетұлына қорымнан бір уыс топырақты Мықтыбай туған жері Баян ауылы Мықтыбай қорымына жеткізуді аманаттаған сәтті видеоға түсірілген жазбадан тыңдалды (хаттамаға тіркелді).

Бүгінде сексеннің сеңгірінен асқан Еңбек Қызыл Ту ордені иегері, Еңбекшіқазақ ауданы Құрметті азаматы, Шелек ауылының имамы, Айтбекқали қажы Мұқатжанұлы терiскейдегі бауырларына аталық тілек айтып,батыр рухына құран бағыштаған видеожазбаны конференцияға қатысушылар тыңдауына мүмкіндік жасалынды.

Нұрлан Ердәулетұлы 2013 жылы "Баян ауылымсағынышым" өлеңін шығарып Мықтыбай бабасын әнге қосқан.

Баяндамашы Нұрлан Ердәулетұлы Мықтыбай батыр туралы мақала жарияланған "Қазақстан дәуірі" газетін, Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық "Еңбекшіқазақ" газетін, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы "Ауыл арайы" газетін, 2013 жылы Алматы қаласы "Айтұмар" баспасынан шыққан "Тағзым" кітабын, 2021 жылы жарық көрген "Өмір-ай" кітабын, "Қантай Мықтыбай батыр" атты 2 банерді, "Мықтыбай батырға-300 жыл" 60 минуттық аудио-

видео жазба дискісін Баян орта мектебі директоры Асқаржан Сұрағанға мектептегі музейге қоюға берді.



2. **Плешаков Анатолий Андреевич** – тарих ғылымдарының кандидаты, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, профессор, 100-ден астам ғылыми еңбектердің, монографиялар мен оқулықтардың авторы. Ол бастаған археологиялық экспедицияға 50 жыл мұражайлық, архивтік және археологиялық тәжірибелерді ұйымдастыруға және өткізуге жетекшілік етеді.

Ақ-Ирий елді мекенінде А.А. Плешаков, Қазақстанда алғаш рет тас дәуірінен бастап әр түрлі ежелгі дәуірлердегі процестерді қайта қалпына келтіре отырып, бір археологиялық ескерткіш негізінде мұражай кешені немесе табиғи-тарихи саябақ құруға тырысады. Плешаков А.А. білім беру саласындағы облыс әкімінің 1 дәрежелі сыйлығы, «Қ Р білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгі иегері.

18-20 ғасырлардағы ел тарихы алуан тағдырлы сипаттағы оқиғаларға толы. 1730-70 жылдары қазақ билеушілерінің көбі бөлігі Ресей басшылық рөлін ресми түрде таныды. Орыс тарихнамасында қазақтардың жоңғарлар басқыншылығына қарсы күресі жалпылама жұмыстарда көрініс тапқан. Қазақтар қорғаныстық азаттық соғысын жүргізіп жатқан кезеңде, ел басына күн туған зобалаң жылдарда Ресей им-

периясы Ертіс бойы мен оңтүстікке қарай ілгерілеп, жоңғарлар басып алған қазақ жерлеріне бекіністер салғанын, өзінің тым әріде жатқан жоспарларын дипломатиялық әрекеттермен, әскери экспедициялармен нығайта берген. Тек 1742-43ж Сенат, одан соң Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің ойрат әміршісінің ордасына жіберген К. Миллер миссиясы кіші және орта жүз қазақтарын сол кезде-ақ Ресей бодандары деп қарап, Жоңғария хандарынан оларға шабуыл жасауды тоқтатуды алғаш рет талап етті. 1483 жылы Сібір жеріне жасалған үлкен жорықты бастаған алғашқы орыс воеводалары кінәздер Федор Курбский мен Иван Салтык-Травин болған. Ресейдің Сібірді отарлауы Қазан, Астрахан және Қырым хандықтарын жаулап алғаннан кейін, Қазақстанның Ресей өрісіне сөзсіз қосылуын біржола айқындаған стратегиялық кезенді І Петр есімімен және іс-әрекетімен байланыстыру орынды. Ол Сенаттың жауапты қызметкері И. Кириллов пен дипломат, Сыртқы істер коллегиясының тілмашы А.И. Тевкелевке (православие дінін қабылдағанға дейін- Құтлымбет мырза) қазақтарды Ресей бодандығына өткізу жобасын әзірлеуге тапсырма берді. Тевкелевтің келіссөзі бір жыл 49 күн бойы жүргізілді. Бұл өз тәуелсіздігінен, мемлекеттігінен айырылуына әкеп соқтырып, шын мәнінде отарға айналдырды. Біздің өңір қазақ елінің бір бұлжымас бөлігі ел тарихымен бірге.

Солтүстік Қазақстанның орта ғасырлық тарихы әлі күнге дейін аймақтық тарихтағы ғасырлар бойғы оқиғалардың «ақ дақтары» болып табылады.

«Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының мәдениеті

мен рухани құндылықтарын «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы тұрғысынан зерттеу аймақ тарихшыларын аймақтық тарихи құбылыстарға назар аударуды міндеттейді. Бүкіл Қазақстанның және жалпы Еуразияның тарихи оқиғаларына байланысты табиғат. Батырлардың әлеуметтік тобы – әскери басшылар 18-19 ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамында үлкен әлеуметтік және саяси ықпалға ие болды. Батырлардың маңызды рөлі олардың қазақ халқының тәуелсіздігін қорғауы болды. Сондықтан батырлардың есімдері халық жадында, жырларда, олардың батырлық эпостарында сақталған.

Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы аумағында өмір сүрген 18 ғасырдағы аты аңызға айналған батырдың бірі – Мықтыбай батыр.

Мықтыбай батыр туралы негізгі баяндамада Нұрлан Ердәулетұлы нақты деректерді келтіріп банер жасаған, бұқаралық ақпарат құралдарында, ел есінде батырдың ерлігі есте сақталған. Оның атында ауыл, көше, ата қыстауы , қорым бар. Қазақтың кең байтақ жерін қорғауға белсене ат салысқан 18 ғасырдағы елге танымал, атақты батырлармен қоян қолтық араласып, қасық қаны қалғанша жаумен айқасып, небары 28 жасында қаза болған. Туған жерінде, туысқандары бүгінде батырдың есімін мәңгі жадында сақтауға ескерткіш қойып, құран оқытып ас беруде. Бұл елдіктің, бірліктің, қазақ халқының ел қорғаған ерін ұлықтауының белгісі.

3. **Сартаев Жанбатыр Нұртайұлы**, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Әскери ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі. Сартаев Ж. диссертациялық кеңестердің мүшесі. 2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардия

Ұлан әскери институтында кафедрада жұмыс істейді, ол өз ісінің нағыз маманы, медициналық қызметтің резерв полковнигі. Профессор Ж.Н. Сартаев 750-ден астам ғылыми жұмыстың авторы, негізгі ғылыми еңбектері алыс шетелдердің ғылыми журналдарында жарияланған. Ол 70-тен астам монография, оқулық және оқу-әдістемелік құралдар шығарды. Білім және кәсіби қызмет саласындағы ерекше қызметтері үшін Сартаев Жанбатыр Нұртайұлы 20-дан астам медальдармен және ордендермен марапатталды. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жанбатыр Нұртайұлы – «Алтын Дәрігер» төсбелгісінің иегері, «Ұлттық медициналық қауымдастық» республикалық қоғамдық бірлестігінің жоғары наградасы, сонымен қатар бриллиантты төсбелгі және орденмен марапатталған. «Urpaq» қазақ мәдени-ағарту орталығы қоғамдық бірлестігінің құрамында мәдениетте, өнерде, ғылымда, қоғамдық қызметте жетістікке жеткен көптеген танымал тұлғалар бар. Солардың бірі – Сартаев Жанбатыр Нұртайұлы ғалым. Солтүстік Қазақстан университет атынан Жанбатыр Нұртайұлына академик Манаш Қозыбаевтың алтын медалін табыстап, ғылым мен инновация жөніндегі проректоры Ибраева Ақмарал Госманқызы құттықтады. Қазақтың дәстүрі бойынша ақсақалға шапан жапты.




Бүгінде профессор Жанбатыр Сартаев тарих қойнауында ескерусіз қалған ел қорғаған азаматтары

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск
594967

өмір жолын зерттеп, жастарды патриоттық тәрбие жұмысына белсене араласып, өмірін сол жолға арнаған азаматтың бірі.

Рухани жаңғыру бағдарламасы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында Жамбыл ауданына қарасты Орталық ауылында ұлан-байтақ жерімізді, ел намысын жаудан қорғаған Сүйіндік батырдың жерленген жері табылды. 2017 жылдан бастап Сүйіндік Дәулетімбет ата – бабамызды, зерттеп, мен ұлттық библиотекадан көп мәлімет алдым. С. Мұқановтың жазбаларын таптым сол тарихи көп мағлұматтарды тауып, Плещаков Анатолий СҚМУ-дың професорымен жұмыс істеп, осы жерге келіп, тауып, абсерватория арқылы зерттеп, осы батырды таптық. Содан кейін мәліметтерді жинай бердік, февральдің бірі күні конференция өткізіп, басына белгі қоюға ұғымға келдік. Елдің азаматтары көмектесті, тиын тебен жинап тасты орнаттық.

Бүгінгі күні Баян ауылында 18 ғасыр ортасында жоңғар қалмақтарына қарсы азаттық күреске белсене араласқан қазақтың қас батыры Қантай Мықтыбайдың 300 жылдығын атап өтуге жиналдық. Мықтыбай батыр туралы мәліметтер бар. Оның қалмақтың батырымен жекпе-жеке шығып жеңгені белгілі. Ел ішінде оның өлең шығарып, ән айтатыны да ел есінде сақталыпты. Туған жерінде жерлестері Мықтыбайдың ерлігін аңыз қылып айтады. Оның атында ауыл, көше, қыстау, қорым бар. Ол туралы бірнеше кітап жарық көрген, еліміздің баспасөз беттерінде басылып келеді.

Мен Мықтыбай батыр туралы көп оқыдым, оның өмір жолын зерттедім. Соңғы жылдары Мықтыбай батыр туралы баспасөзге мақалалар да бердім.

Солтүстік Қазақстан газетіне облысымыздың құрметті азаматы, елге еңбегі сіңген мәдениет саласының дүлділі, атақты күйші Құсайынов Серікбай Бәриұлы көлемді мақала жариялады. "Северный Казахстан" газетіне "Героизм Мықтыбай батыра" деген мақаланы Солтүстік Қазақстан университеті профессоры А. Плешаков екеуіміз жаздық, Қазақстан Республикасы Ұлттық Гвардиясы Ұлан институты "Қалқан" газетіне 4 қаңтар 2021 жылы Құсайынов Серікбай екеуіміз мақала жаздық.

Мықтыбай батырға арнап 2 кітап жазылып шығарылған, 6 ақын өз өлеңдерін арнапты. Республикалық "Президент және Халық", "Қазақстан Заман", "Қазақ елі", "Ана тілі" газеті беттерінде, Алматы облыстық "Жетісу" , "Алатау" газеттерінде , "Солтүстік Қазақстан", "Қызылжар нұры", көптеген аудандық Алматы облысы "Еңбекшіқазақ", "Иссык ", Шығыс Қазақстан облысы "Аягөз жаңалықтары", Қарағанды облысының "Нұра", "Шет шұғыласы", Шал ақын аудандық "Парыз" , Жамбыл аудандық "Ауыл арайы" газет беттерінде мақалалар жарық көрген. Бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде Мықтыбай батыр туралы мақалалардың жарық көруі, халықтың оның ерлігін есінде сақтағаны деп білеміз. Бүгін міне Солтүстік Қазақстан муниципалдық теле радио қызметкерлері Мықтыбай батырдың 300 жылдығын салтанатты атап өтуге келіп отыр.

Мықтыбай батыр есімі ел жадында сақтаулы. Біздің міндетіміз – оның ерлігін паш етіп, жастарды елін, жерін сүюге тәрбиелеуге бағыштау. Солтүстік Қазақстан облысының қасиетті жерлер санатына Баян ауылын кіргізуді жоғарғы жақтан, биліктен сұрап талап етуге тиіспіз.



**4. Құсайынов Серікбай Бәриұлы**

Жас ұрпақты музыкаға баулуда қол жеткізген табыстары үшін Серікбай Бәриұлы Қазақ ССР «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, Ыбырай Алтынсарин медалімен, Еңбек ардагері медалімен, Білім Министрінің және облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Өнер иесі үшін 1957 жылы КСРО халық әртісі Күләш Байсейітованың қолынан алған Құрмет грамотасының орны бөлек. Серікбай Бәриұлы Жамбыл ауданы, Баян ауылының тумасы. Қасиетті Қызылжар өңірінен шыққан алғашқы кәсіби домбырашы. Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы.

Серікбай Құсайынов Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Әбділдә Тәжібаев сынды халқымыздың біртуар тұлғаларының алдында өнер көрсеткен. Облыста алғаш рет қазақ мектеп-интернатының қабырғасында домбыра оркестрін құрады. Кейін Серікбай Бәриұлының бастамасымен Жамбыл, Темирязев, Шал Ақын, Аққайың аудандарында да осындай өнер ұжымдары ашылады. Өңірдің шалғай аудандарын аралап, лекция-концерттер береді.

Ол ұстаздық етіп, білгенін шәкірттеріне үйретуден жалықпаған жан. Өнер атты айдынға мыңнан астам оқушысын қияға қанат қақтырған. Оның 300-ге жуығы осы жолда шәкірт тәрбиелеумен айналысып жүр.

Солтүстік Қазақстан облысы тарихы бай, қазақ халқының көртеген дарабоз ақын-жазушылар мен

даңқты батырлары шыққан өлке. Ағынтай мен Қарасай, Баян, Құлеке аталарымыз секілді туған жері үшін қасық қаны қалғанша шайқасқандардың ішінде Қантай Мықтыбай батыр да бар. Мықтыбай батыр кезінде өзі үйленбеген адам. 29 жасында қайтыс болған. Мықтыбай жайлы, оның ерлігі туралы бізде ертеде Қалы деген кісі көп әңгіме айтатын. Солтүстік Қазақстан облысы Сәбит Мұқанов атындағы облыстық кітапханада биылғы наурыз тойын тойлау барысында шежіре күнінде Мықтыбай батырдың ерлігі мен батылдығы сөз етілді.

Қантай Мықтыбай батыр 1720 жылы Жамбыл ауданы Баян ауылында дүниеге келген. Ол қалмақтарға қарсы көптеген шайқастарда ерлік көрсеткен. Мен Мықтыбай батыр ерлігін паш ететін мақаланы Солтүстік Қазақстан газетінде жарияладым.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы Алтайдан Арқаға дейін созылып жатқан ұлан-асыр жеріміздегі киелі мекендерді, қасиетті орындарды өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде қалыптастыруды көздейтіні анық. Халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрауды мақсат еткен шаралар аясында «Солтүстік Қазақстан облысының киелі жерлері» тарихи құжаттар негізінде материалдар жинақтау, кең көлемде жүргізілген зерттеулер негізінде 14 нысан киелі жерлер картасына енгізілген. Өңірдің киелі картасына Ботай қонысы, Абылайханның резиденциясы, Сырымбет усадьбасы, Қарасай мен Ағынтай батырлардың ескерткіш кешені, әулие Петр мен Павелдің шіркеуі секілді тарихымен де, сәулетімен де туристерді қызықтыратын қастерлі мұралар екшеленіп алынған. Ел қорғаған батырлардың ерлігін

паш ететін іс-шаралар– олар туралы тарихи деректер, ескерткіштер болып табылады. Сондықтан да Мықтыбай батырға қойылған Баян ауылындағы ескерткіш те өңірдің киелі елдімекен қатарынан орын алады деген сенімдемін.



**5. Калин Илияс Исабайұлы,** Баян ауылы тумасы, Алматы ауылшаруашылық институты инженер механика факультетін бітірген. Бүгінгі Шал ақын ауданында ауылшаруашылық өнеркәсіп орындарында басшы қызметтерін атқарған. Нұрсұлтан қаласы тұрғыны, зейнеткер.

Қанаттыда қыран бүркіттің алғырлығы мен айбаттығына, қырағылығы мен батылдығына, өрлігі мен өжеттігіне тең келер құс жоқ. Және оның заңғар көкке ұшуы да, аққан жұлдыздай шаншыла түйілуі де бөлек. Талғауы да, тазалығы да қайран қалдырады.

Қазақ ел сенген азаматтың адалдығы мен асылдығын, қажыр-қайраты мен қайсарлығын, қарапайымдылығы мен қайырымдылығын шынайы бағалаған кезде осы ақиық қыранға баулиды.

Мықтыбай атамыз да қыран тұрпатты, азамат деген ардақты атты кісілікпен көтерген тарихи тұлға. Ел басына күн туған кезде өз қатарымен бірге ата жұртын, қолдағы малдарын жаудан қорғауға атсалысты. Қазақ жеріне жайылымын кеңейту мақсатымен келген шетелдіктер кейін шапқыншылық мақсатты алға қойды. Бұл кезде Мықтыбай және оның замандастары жау шапқыншылығына қарсы қол-

дарына қару алып соғысқа үлкендермен бірге араласты. Халқымыз «жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір басқа, жігітте де жігіт бар, азаматы бір басқа» деген. Жаудың талай дөкейлеріне қарсы тұра білген Мықтыбайдың қалмақ батыры Едгонжукпен жекпе-жектегі жеңісі есте сақталған. Соғыстың аты – соғыс. Алма кезек сәттер көп болған. Мықтыбай батыр қалмақтармен 12 жылдан артық соғыстарға қатысып, 29 жасқа толмаған шақта Орталық Қазақстанда жау қолынан қаза болған. Бүгінде бұл тарих қойнауында қалған ақиқат. Сол 18 ғасыр ортасында туған жерін, елін қорғауға қатысқан боздақтар арын жалау етіп, жанын алау етіп, ата-баба аманаттаған жерін жаудан қорғаған еді.

Тұлғаның қалыптасуына өз заманының әсері мол. Қазақтың "уақыт көрсетеді" дегені келіп, 2020 жылы Баян ауылда Мықтыбай батырға ескерткіш қойылып, оның рухына дұға бағышталды. Бүгінде Мықтыбай батыр және оның серіктестерінің орны өрде, рухы төрде. Баян ауылының төлқұжаты, визиттік карточкасы, оған бүгінде балама жоқ.

Батыр – өз заманының перзенті. Ол – жеке индивидтің күші, жігері, жалынды жүрегі арқылы жаулықта халық атынан берілетін зор атақ. Халық «бірдің айтқанына пейіліңді и, көптің айтқанына басыңды и» деген. Заманында аузының дуасы, сөзінің киесі бар, туған жерін қорғаған батыр, ел қамын жеген аға, сөз бастаған даналар тағылымы үлгі болу керек.

**6. А.Семушкин,** заслуженный работник ФК РК, профессор КазГАСТ, Почетный работник образования РК, полковник МВД РК. г. Алматы

Вкратце для освешения жизни и деяния действительного батыра 18 века – века степного рыцарства,



оценки роли исторического персонажа единственным критерием выбора героя, является информация источников.

Мыктыбай батыр из рода Керей, племени Кантай – является известным батыром времен казахско-джунгарских войн. В письменных источниках упоминается гораздо ре же, в отличие от Баян батыра Қасаболатұлы он особой власти не имел и не принимал участия в управлении своим родом.

Казахско-джунгарские войны- серия военных действий между казахскими жузами и Джунгарским ханством, продлившаяся с 16 до середины 18 века. Стратегической целью джунгар являлось увеличение территорий для кочевья путём присоединения соседних земель Казахского ханства, а в дальнейшем полное завоевание.

Мыктыбай являлся классическим жеке батыром. В молодости он проявил себя как зашитник скота близких родственников, близ расположенных зимовьях аулов. Но уже в 40-х годы 18 в. он прославил себя в локальной войне с джунгарами, главной целью была зашита пастбища и сенокосных угодий, с которых надо было выдавить незванных гостей. Небольшие отряды батыров, укрепившись в лесах, где превосходство противника в численности не играло решающей роли, постоянно тревожили диверсиями. Джунгарские отряды попадали в засады, и все новые местности в степи получали название "Калмыцкая гибель". В середине 18 века под Кызылжаром возле

реки Ишим в одном из бою с жунгарами Мыктыбай батыр выходит на поединок с калмакским батыром Едгонжук. Калмак был побежден. Мыктыбай 13 лет участвовал в локальной войне, не создал семью, ему не суждена горсть родной земли. Погиб в 29 лет в Центральном Казахстане. Стихи Мыктыбай батыра:

«В поход отправлялся много раз,
Прошел я много испытании, терял друзей,
Много крови пролил на фронте в боях

Копьем пронзил легкие врага « дошли до наших дней. Аксакалы села рассказывали о подвиге Мыктыбая, превращая его в легенду.

Исполняется 300 лет со дня рождения Мыктыбая батыра. Героя рождает время. Звание героя не присваивается путем преемственности. На кладбище в зимовье Баян установлен памятник Мыктыбай батыру и освящен Коран.

1758 году перестало существовать Джунгарское ханство, созданное Батуром, часть торгутов и хошутов включена в состав Манчжурской империи Цин. В октябре 1771 года указом императрицы Екатерины II Калмыцкое ханство на Волге, созданное Аюке ханом было упразднено.

Я, как военный человек прихожу к выводу, благодаря мужеству и героизма казахских батыров по защите родных мест не удалось джунгарским калмыкам, ойратам реализовать задуманную мечту о восстановлении Великой Монгольской империи. Народ не забудет своих героев, принимавших активное участие в борьбе за целостность земли (ватсаппен жолданған).



**7. Қамар Ердәулетқызы,** ардагер ұстаз, Жекекөл ауылы Қазақ тарихының талай жаугершілікті бастан кешіріп, кең байтақ ата мекенді бабалар бізге аманаттап қалдырды. Жас ұрпақты рухани тәрбие мен қайсарлыққа баулуда олардың ерлігі мен өрлігін үлгі етуден асқан құрал жоқ. Олардың өмір жолдары тарих бетінде өнеге болып өрілген. Жекекөл ауылы батыс жағында ағаш қойнауында Қожаберген жырау, Сегіз сері, Толыбай сыншыға кесене тұрғызылған. Талпын ауылында Сексен батырға, Сүйіндік батырға Орталық ауылы жанында ескерткіш орнатылған. 1763 жылы қазақ елі Гүтөбе- Маманайда Қожаберген жырауға арнап ас береді. Асқа Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай батырлар, Бұхар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Көтеш жыраулар қатыса ды. Жанкісі жырау аста Қожаберген бабасына арнап жоқтау жыр шығарған. (С.Жұмабаев. Ұлылар туған өлкеде 2006 ж).

Халық ардақтап, атын аңызға айналдырған батырдың бірі – Мықтыбай. Ол 1720 жылы қазіргі Баян ауылы қонысында туған.

18 ғасыр ортасында Қызылжар маңында жоңғарлармен Есіл бойында соғыста Мықтыбай батырмен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына ілінгенде, жалынып өлтірмеуін өтінеді, байлығын ұсынады. Мықтыбай: "қазақ жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздеріңде" – деген."

Ауыл ақсақалдары Мықтыбай ерліктерін аңызға айналдырып әңгіме өрбітетін. Жамбыл ауданында

Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы, батыс бетінде Мықтыбай ауылы зираты бар. 1928 жылдан бері Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында.

1902 жылы Дала губернаторы Н.Сухотиннен Мықтыбай батыр туысқаны Жайлыбай атамыз ата мекені –Мықтыбай қыстауына құжат алғаны белгілі.

Бабамыз Мықтыбай Сары, Жабай батырлармен үзеңгілес болған екен. Мықтыбай батыр туғанына 300 жыл толады. Батырды заманы тудырады. Батырдан батырдың ерекшелігі жоқ, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.



**8. Төлебаев Тұрғанжан Әбеуұлы,** Әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеті кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы.

Өз отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет- әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз елінің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Өйткені, сезімнің нысанасы –туған жер, табиғат, дін, тіл, дәстүр, тарих, әдебиет, өнер. Олар жеке тұлғаны ерекше жылылық, сүйіспеншілік сезіміне баулып, сезімнің қайнар көзі болады. Тарихқа деген қызығушылықтың тууы заңды нәрсе. Түбегейлі өзгеріс болған жерде ұлттық сананың оянуы болады.

Ел қамын, туған жердің тұтастығын нағыз патриоттық сезіммен, шынайы ісімен көрсеткен Есіл

өзені бойында бір соғыста Мықтыбай батыр қалмақ батырымен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына түскенде, жалынып өлтірмеуін өтінгенде, Мықтыбай қаншама достарының соғыста қырылғанын еске алып: "қазақ сендердің жерлеріңе барып жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздеріңде дегенде", Едгонжұқ" қалмақ жеті ұрпағыңның соңынан қалмаспын" – деген екен.

13 жыл соғыстарға қатысқан Мықтыбай отбасын құрмаған, Орталық Қазақстанда, Нұра өзені бойында ұрыста мерт болған. Өзіне туған жердің топырағы бұйырмай, туысқан, ұрпақтарының да көп жылдар жолы болмаған екен.

Ұлттық сананың оянуының бір көрінісі – оның өзін-өзі тануға деген ұмтылысы. Ал ұлттың өзін-өзі тануының бір жолы – төл тарихын білу. Ұлттық тарих ұлттық рухты күшейтуші, тарихи танымды арттырып, ұлттық сананы қалыптастырушы рөл атқарады.

Адамзаттың ақыл-ой қазынасына олжа салып, әлемдік өркениетке үлесін қосқан Ұлы даланың асыл мұраларын зерделеу тұрғысынан теріскей жерінде қазақ елінің тұтастығы үшін жанын пида еткен ерлер еңбегін келесі ұрпаққа паш етудің маңызы айрықша (ватсаппен жолданған).



**9. Қараби Мұқанбетқалиев**, Баянауыл тумасы, Баян орта мектебін, Иркутск педагогикалық институтын, Алматы шет тілдер институты жанындағы жоғарғы педагогикалық курсын, Москва Жоғарғы партия мектебін, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік Комитеті Жоғарғы

мектебін бітірген. КСРО-ның Қазақстандағы Азия және Африка елдерімен ынтымақтастық комитеті жауапты хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті шетелдермен байланыс бөлімі жауапты қызметкері, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Комитеті бөлім бастығы, доғарыстағы полковник, т.б мемлекеттік қызметтерді атқарған. Алматы қаласы тұрғыны.

Тарии тұрғыда, тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған, ел тағдырын өз тағдырынан биік койған, жер бүтіндігін, тәуелсіз ел болуды мұрат еткен тұлғанын бірі -Мықтыбай батыр. Ұраны "алаш" болған батыр ауылдастары жонғар қалмақтарымен соғыстарда ерліктерін анызға айнадырып,айтып жүретін еді.

Мықтыбай батыр жайлы деректер ҚР ҒА тарих және этнография институтында және Орталык кітапханасы қолжазбалар қорында кездеседі.

2015 ж. республикалық "Президент және Халық", "Қазақ елі" газеттерінде де жарық көрді. Мықтыбайдың темір шығыршықтарды бір-біріне өткізіп тордаи тоқылған, қысқа жеңді жейде түрінде жасалған, ақсауыт жағасы бар, қос қабат, салмағы 24 кт. сауыты сақталған. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» дейді халкымыз. Осы дерекке байланысты бірнеше мысал келтіруге болады.

"1929 жылы Мықтыбай, Бажы, Балта, Байсал, Шалабай, Кент, Дүйсе ауылдары "Қосшы" одағына біріккен, кейін "Баянауыл" кеншары орталығы болған. Ауыл 17-18 ғасырда өмір сүрген Қантай руы басшысы бәйбішесі – Баян атымен аталған. Қыстауы Маса қалпе көлі жағасында орналасқан". Солтүстік Қазак-

стан облысы Энциклопедиясы 195 бет. Алматы. Баян анамыз- Батыс өңірінен Жағалбайлы руының қызы.

Қантай атамыз жас кезінде түйе палуан күресте бас жүлдеге ие болып, тойда Баян шешемізбен танысып, соңынан екеуі бас қосқан екен. (Есімдері ел есінде. Жәнібек батыр Төлекұлы інісі) 66 бет А.Тасболатов. 2012 жыл).

Халықпен біте қайнасқан, ерлігі, даралығымен еңбегі сіңген, ел ырысы, құты болған ерді жұрт ықыласымен, ілтипаттық сезіммен сыйлайды. Ол өлең шығарып, ән айтып, серілік те құрған.

1902 жылы губернатор Н.Сухотиннен ата мекені – Мықтыбай қыстауына құжат алған Жайлыбай атамыз Мықтыбай Сары, Жабай батырлармен үзеңгілес болғанын естіген. Мықтыбай батыр үйленіп, отбасын құрмаған. Орталық Қазақстанда соғыста 29 жаста мерт болған, жерленген жері –Қарағанды облысы Шет ауданы, Қарабұлақ өзені жағасында.

Бүгін бабамыздың 300 жылдығын салтанатпен атап өтудеміз. Ата-баба дәстүрін құрметтеу – абыройлы борышымыз. Соның арқасында біз елдігімізді, ерлігімізді дәріптеп, жас ұрпаққа лайықты тәрбие береміз. Ұлыларымызды ұлықтап, батырларымызға бас иіп, жас ұрпаққа ұлағат боларлық осындай игі істер жалғаса берсін демекпін.



**10. Хамит Әбілқасымұлы Найманов**, еңбек ардагері Сергеевка қаласы Шал ақын ауданы

Ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен

қазақ батырлары ел тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Осы ұлттық тұлға тұғырына көтеріліп, аты аңызға айналғандардың бірі – туғанына 300 жыл толып отырған Мықтыбай батыр. Мықтыбай 1720 жылы Жамбыл ауданы Баян ауылы қонысында туған.

1893 жылы Баян қауымдастығы Керей руы Қантайдан тараған ұрпақтары Әжімбай, Бәжі, Кент, Байсал, Дүйсе, Мықтыбай, Жәдігер, Балта, Барақ, Шағырай ауылдары қоныстарынан құрылыпты.1929 жылы қауымдастықтан Қосшы одағы, одан Баян ұжымы, кейін Баянауыл кеңшары орталығы болды. Баян ауылы 18- ғасырда өмір сүрген Қантай бәйбішесі Баян атымен аталған.

Тегіннен жер, су, ауыл, қоныс, көшеге адамның аты берілмеген. Соның айғағы – Баян ауылындағы Мықтыбай көшесі, Мықтыбай қыстауы, қорымы. Колхоз құрылғанда ерен еңбекпен, ұйымдастырушылық қабілетпен есте қалған ауылдастар көп.

Мықтыбайдың бауыры – Қуан немересі Қали атамыз щежіреші. Қалы ата немересі- Ильяс палуан, КСРО студенттер спартакиадасы жүлдегері, шахматтан Нұр – Сұлтан қаласы чемпионы. Ильяс баласы Рустем халықаралық спорт шебері, үш дүркін әлемдік қол сайысы чемпионы, ҚР құрметті спорт қайраткері. Үмітбаев Қажы- мұрат егін соғатын « көк барабан» агрегаттың құлағын айналдырып,тоқтаусыз жүргізген. МТС-қа, колхозға басқарма болды. Баласы Үмітбаев Манабай елге белгілі азамат.

Сүгірбайдың Айтмұқаны бір арба шөпті ағаш айырмен үш-ақ көтеріп, маяның төбесіне ырғытып жіберетін. Сүгірбаев Таңат- Асыл мұра шығармашылық орталығы жетекшісі. Құрманғали Сұраганов- Социа-

листік Еңбек Ері. «Кремль кітабына жаздырған күш – Құрманғалидың еңбекке, тындырған ісіне адалдығында болатын» – деген ел басқарған Уақпан Тажин.

Баба ерліктерінен өнеге алып, батырлығын мақтан еткен көнекөз қариялардың айтуынша, Мықтыбай палуан, ат құлағында ойнаған, сөзге шешен, өнерлі болған. Мінезі тік, бір беткей, 16 жасында әскери жаттығуларға қатысып, ерекше күш иесі болған. Ұсақ темір шығыршықтардан бір-біріне өткізіп тоқылған тордан, қысқа жеңді жейде түрінде жасалған Мықтыбай батырдың ақсауытының жағасы бар, жеңі жоқ, қос қабатты салмағы 24 кг.

Ауыл ақсақалдары аңызға айналдырған, жоңғар қалмақтарымен соғыстарда ерлігімен көзге түскен, 19 жасар Мықтыбай Есіл бойында қалмақтың Едгонжук батырымен жекпе-жекке шығып, оны найзамен көтеріп алып, қызыл жардан өзенге лақтырған. Мықтыбай батыр көп жылдар соғысқа араласып, Қарағанды облысы Нұра өзені бойында 29 жаста қаза болған.

Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет. Олардың ел тағдырындағы тарихи орны, тереңнен тамыр тартқан туған жер идеясы- туған жерді қорғау, ел ынтымағы идеясы-бізге жеткен барлық тарихи мұралардың алтын арқауы.



**11. Жанкелді Тажин**, Баян ауылы тумасы. Петропавл қаласы ардагерлер Кеңесінің төрағасы

Заманның ағымына сай сонау 18 ғасырдың ортасында

тарих қойнауына кеткен Мықтыбай батыр есімі бүгінде «ортамызға келді». Оған дәлел: Мықтыбай қыстауындағы Мықтыбай атындағы қорым-зиратта Мықтыбай батырға қойылған қарапайым ескерткіш. «Ердің аты ел есінде» деп бекер айтпаған. 20 ғасырдың басында ауылдас ата, әкелеріміз 1928 жылы құрылған қауымдастықтың, соңынан Баян колхозының бір көшесін Мықтыбай көшесі деп атаған екен. Бүгінде сол көшенің № 20 үйінде батырдың жақын туысқан ұрпақтары Мұхаметқалиев Қабдол Ердәулетұлы балалары тұруда.

Батыр – әскри өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі заманда бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. Батырлар көбіне осы әлеуметтік жіктің өкілдері арасынан шықты. Олардың бар өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен.

Ел үшін жанын қиған батырлардың есімі ел ұранына айналып, халық олардың аруақтарына табынған. Ата-бабаларынан бері қарай батыр атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар қара батыр не қара берен батыр, қауіпқатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам жеке батыр атанған. Мықтыбай бабамыз қара берен батырға жатады.

Бүгінде облыста 25 тарихи-мәдени орын киелі жерлер тізімде. Баян ауылы да сол киелі жер тізіміне ілігуіне мүмкіндік бар.



**12. Сәбит Рамазанов,** Баян ауылы тумасы. 1958 жылы Баян орта мекбетін бітірген. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін ойдағыдай тамамдап, Семиполка орта мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастаған. Сергеев аудандық партия комитетінде үгіт насихан бөлімі меңгерушісі, атқару комитеті төраға орынбасары қызметтерін атқарған.

Ел тарихын қастарлеу үшін алдыңғы дүниеден өткен, Баян топырағында дүниеге келіп, ел үшін, жер үшін жанын берген аталарымыздың, елдің тарихын қастерлеу үшін бүгінгі ұрпақты таныстырып көтеру үшін өткізілген іс шара. Өткенді бағала- уымыз керек. Ел болып қалуымыз үшін, өзіміздің өсіп жетілуіміз үшін, жұртқа танылуымыз үшін. Баян ауылы бәріміздің қасиетті мекеніміз. Бұл жерге үлкен кемелді де кеще де келген. Бастығы Шаяхметов, Жұмабай Ташенов, Данияр Керімбаев, Ілияс Омаров аяқтарының ізі жатқан қасиетті мекен. Үлкен ақын-жазушылардың болғанын да білеміз.

Ұлы бабаларымыздың әлеміне тереңірек үңіліп, әркім өзіне есеп беріп ұлылықтың алдында тазару болады. Тазарғың келсе, туған еліңе бар немесе театрға бар деп бекер айтпаған. Бүгінгі кеш рухани нәр алып, бойымызға бір нәрсе жұқтыра алсақ, соңымыздан

еріп келе жатқан жастарды аталарымыздың рухына жақындата алсақ, негізгі ойымыздың орындалғаны деп түсінуіміз керек. Жиналған қауым, ақ ниетті ағайындар, бүгін бабалар рухы бір тебіренген кешті ұйымдастырып жүрген інілерімізге рахметтен басқа айтарымыз жоқ.

Ата-баба рухына тағзым ету азаматтықтың бір өлшемі. Бүгін үлкен алғысымызды Ердәулетұлы Нұрлан інімізге арнаймыз. Тарихты зерттеу қай уақытта жоғары математикадан жоғары тұрады. Ерінбей іздену арқылы шындықтың шыңына жете аласың. Сонау Қарағанды облысы Шет ауданынан Мықтыбай төбесінен алып келген бір уыс топырақтың орны да, мазмұны да өте қажет.

Қазақ үшін туған топырақ, ел, қыстауы, ата-баба зираты біздер үшін Қасиетті болып қалары анық. Бір уыс топырақ символы –ол атамыздың еліне, жеріне, ұрпағына айтылған сәлемі деп түсінуіміз керек. Киесі елге айтылған аманат, Бір уыс топырақтың филисофиясы елге оралған рух деп түсінуіміз керек. Ақын айтқандай: "Ей, тәкаппар дүние! Маған да бір қара, Танисың ба сен мені? Мен қазақтың баласы". Мен сендердің аталарың, бабаларыңмын деп жатқан сияқты.

Мықтыбай ата рухы қорғап жүрсін. Бірлік, ынтымақ, түсінушілікті несіп етсін. Амандық саулық тілеймін. (Ватсаппен жолданған)

**Асқаржан Сұраған,** Баян орта мектебінің директоры. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі 30 жылдығына орай Қантай Мықтыбай батырдың 300 жылдығы атап өтуге даярлық жасадық. Іс-шараны Мықтыбай қыстауында ашық табиғатта өткізуді жоспарладық. Тәуелсіздік алу жолындағы бабалар ерлгін

паш етіп, үлгі қылып көрсету. жастардың туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Отанын қастерлеу мақсатында ғылыми практикалық конференция ойдағыдай өтті. Баян ауылы жастары осы іс-шараны ұйымдастырып өткізген ағаларымызға дән риза.

18 ғасыр ортасында жоңғар қалмақтарымен соғыстарда көрсеткен ерліктерін саралап, есімін мәңгі есте қалдыру, оның мұрасын ұрпақтарға жеткізу мақсатында Мықтыбай Бекайдарұлы ескерткішин есепке алуын сұраймыз.

Туған өлке тарихы, мәдениетін ұрпақ санасына сіңіру мақсатымен мектеп музейі, өлкетану үйірмесі жұмыстарын жандандырамыз.



**Ілияс Тоқымбетов**, Баян ауылы тумасы, ауылшаруашылық саласында басшы қызмет атқарған, зейнеткер, Сергеевка қаласы тұрғыны.

Ауылда өстік, Мықтыбай атында көше, қорым, қыстау бар екені бала кезімізден белгілі. Еліміз тәуелсіздік алып қазақ халқының есімі тарих қойнауында қалған ел қорғаған боздақтары ортамыздан қайтадан орын алуда. Соның бір дәлелі -Мықтыбай . Ел болып 300 жылдығын атап өтудеміз. Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып, өткізіп отырған Нұрлан інімізге мың алғыс.

Баян ауылы азаматтары үшін өте маңызды тарихи оқиға-Мықтыбай бабамыздың тойы. Жан-жақта жүрген ауыл азаматтарының қатысқаны дұрыс болатын еді. Әр адам үшін дүниедегі ең қымбат – туған жер. Туған жер үшін жанын пида еткен батырымыз. Мық-

тыбай өмірі, оның қалмақтармен ел үшін, туған жері үшін соғыстағы ерліктері біздер үшін үлгі.

**Ғылыми практикалық конференцияға қатысушылар шешімі:**

1. Қантай Мықтыбай батырдың 300 жылдығына арналған ғылыми практикалық конференцияға қатысушылар Мықтыбай 1738 жылдан бастап қазақ даласын жоңғарлардан азат ету ісінде көзге түсіп, жеке-дара жарып шыққан қазақ батырының біріне айналады. Батырға тән ар-намыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрі қалыптасты. Ерлік пен ізгілікті мұрат тұтты. 19 жасында Есіл бойында соғыста жекпе-жекте қалмақ батырын найза ұшына ілген. Басты міндеті елі мен жерін жаудан қорғау, нағыз батыр жүрегі ізгілік пен мейірімге толы, достыққа адал, сертке берік, елге тұтқа әрі пана бола білетін тұлға болғанын атап өтеді.

2. 18 ғасыр ортасында жоңғар қалмақтарымен соғыстарда көрсеткен ерліктерін саралап, есімін мәңгі есте қалдыру, оның мұрасын келешек ұрпақтарға жеткізу мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының тарихи-мәдени мұрасын қорғау және пайдалану орталығынан тарихи-мәдени мұра ескерткіштері туралы бірыңғай ақпараттық базасына Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Баян ауылы Мықтыбай қорымында орналасқан Қантай Мықтыбай Бекайдарұлы ескерткішін есепке алуын және ГАЖ жүйесінде карталарға түсіруді сұрайды. Ескерткішке түсініктеме берілді.

3. Рухани жаңғыру рухани жол көрсететін нақты бағдар және қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай. Жастарымыз

халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін бағдардың маңыздылығы зор деп есептейміз.

4. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, ауылыңа, өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Әрбір ауыл тұрғынының бойында болуға тиіс қасиеттерді дамытуға бағытталған "Туған жер", "Ауыл – ел бесігі", сананың ашықтығына: "Үнем – қоғам қуаты", "Дәстүр мен ғұрып", "Еңбек – ел мұраты" деп білеміз. Бағдарлама ұлттық прагматизмнің негіздеріне қарсы келетін ысырапшылдық әдеттен құтылу, ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретінін қолдаймыз.

5. Қантай Мықтыбай батырдың 300 жылдығына арналған ғылыми практикалық конференцияға қатысушылар тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Ана – тіршіліктің нұры», «Туған елің – Қазақстаныңды білесің бе? » атты жастарға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды мақұлдайды.

6. Конференцияға қатысушылар туған ауылды өркендетуге, жергілікті әлеуметтік мәселелерді шешуде өлкетанулық қызмет және меценаттықты дамытуды қажет деп есептейді. Туған өлкенің тарихын, мәдениетін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру мақсатымен мектеп музейі, өлкетану үйірмесі жұмысын жандандыру қажет. Өңірдегі жергілікті маңызы бар киелі орындарды қалпына келтіру жұмысын жүргізу, мобильді форматтағы бейнеролик түсіріліп, әр іс-шараның электрондық нұсқасы көшірмесін жинақтау жұмысын ұсынады.

**Шешім бірауыздан қабылданды.**

Қантай Мықтыбай батырға арналған ескерткіш жанында жиналған қауым Қарағанды облысы Ақжал кенті Қарабұлақ өзені жағасында Баян батыр Қасаболатұлы мен оны серіктері жерленген жерден Нұрлан Ердәулетұлы әкелген бір уыс топырақты ескерткіш жанына жерге тапсырып, Баян ауылы имамы Құран сүресінен аят бағыштады.

Алматы облысы Шелек ауылы имамы, Айтбекқали қажы Мұқатжанның теріскей азаматтарына арнаған тілегі, батыр рухына құран бағыштаған видеожазбадан тыңдалды.

Мықтыбай батырдың 300 жылдығына жиналған Баян ауылы тұрғындары Мықтыбай қыстауында ағаш қойнауында дастархан жайып, аталарына құран оқытып, дұға бағыштады. Дастархан басында ауыл қонақтары кезек – кезек ән айтып, ауылдың азаматтарының ауызбірлігін, ынтымағын көрсетті.

Ел тәуелсіздігі 30 жылдығына орай Мықтыбай қыстауында өткізілген іс-шараға Баян ауыл тумасы, Сергеевка қаласы тұрғыны зейнеткер Найманов Хамит, Жамбыл ауданы Арқан ауыл округі әкімі А. Ташенова, Баян орта мектеп басшысы А. Сұраған, Мықтыбай баба ұрпақтарының бірі – Жанат Рысжанұлы т.б. үлкен жауапкершілікпен белсенді араласып ел құрметіне бөленді.

Конференция жұмысын жүргізуші төраға Ж.Тажин.

Конференция хатшысы Асқар Сұраған.




# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА САЙ ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

**Отан қорғау-қасиетті борыш!**



Біздің елімізде жауынгерлік ерлік пен әскери қызмет ерекше құрметке ие. Отанымыздың тәуелсіздігін қорғау, мемлекеттің шекарасын күзету, халықтың тыныштығы мен әл — ауқатын қорғау-ерекше абырой мен сенім.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын

қорғау оның әрбір азаматының қасиетті борышы және міндеті болып табылады. Азаматтар Заңда белгіленген тәртіппен және түрлерде әскери қызмет атқарады».

Ғасырлар бойы біздің халқымызда» Отан қорғаушы » сөзі адамгершілік мағынасы мен қасиетті ұғымға ие. Отан қорғаушылар әрқашан патриотизм мен өз халқына адал қызмет етудің, ар-намыс пен ерліктің, батылдық пен батылдықтың көрінісі болады, өйткені әлемде бейбітшілікке қызмет етіп, өз елін, халқын қорғаудан гөрі жоғары миссия жоқ.

Қазақстандықтар Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін өмірлерін қиған батырлардың барлық ұрпақтарының ерліктерін еске алады. Аталар мен әкелердің жауынгерлік наградалары – қазақстандықтар үшін баға жетпес жәдігерлер. Қазақ даласының жауынгерлері әрқашан ар-намыстың, қадір-қасиеттің және патриотизмнің бейнесі болған. Біз барлық ұрпақтардың жауынгерлеріне Отан үшін ауыр сынақтар мен бейбіт уақыттағы жауынгерлік еңбегі үшін көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін терең ризашылығымызды білдіреміз.

Біз туған жерімізді шетелдік басқыншылардан қорғаған батырларымыздың ерліктерін құрметтейміз, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы майдандарында фашистік әскерлермен күрестегі әкелеріміз бен аталарымыздың ерліктерін мақтан тұтамыз.

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы қалыптасқан тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің әрі қарай даму жолымен сенімді қадаммен жүріп келеді. Қазақстан халқының басты байлығы-ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы мен қоғамдық сананың контуры біз-

дің елімізге әлемнің озық елдерімен бір қатарға тұруға және осы жаһандық әлемде бәсекеге түсуге мүмкіндік береді. Біздің халқымыздың осы және басқа да жетістіктері, елді одан әрі дамытудың стратегиялық жоспарларын іске асыру мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етпестен, Конституциялық жеңістерді сенімді қорғаусыз, қазақстандықтардың бейбіт және жасампаз еңбегінсіз мүмкін емес. Ел басшылығының ұдайы қамқорлығының арқасында біздің Қарулы Күштеріміз, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мемлекеттің сенімді қалқаны, жаһандық және өңірлік қауіпсіздіктің бүкіл жүйесінің құрамдас бөлігі болды. Жылдан жылға қазақстандық армия қазіргі заманғы қару-жарақпен және техникамен қамтамасыз етіліп, жоғары білімді мамандармен толықтырылып, олардың жауынгерлік қабілеттілігі артып келеді.

Бүгінде Республиканың мемлекеттілігін, ұлттық егемендігі мен тұтастығын нығайтуға Қазақстанның жаңа Әскери доктринасы да ықпал етеді, ол ең жоғары халықаралық стандарттардың кәсіби армиясын құруды көздейді.

2012жылғы4қазандаҚазақстанРеспубликасының Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» ҚР Заңын қарап, толықтыру енгізілді, оған сәйкес 7-мамыр Мемлекеттік мереке – Отан қорғаушылар күні деп жарияланады. Бұл күн 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойғанына байланысты, Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні біздің мерекелік күнтізбемізде бір-бірінің соңынан еруінің символдық

мәні бар. Бұл халқымыздың барлық ұрпақтарының даңқты әскери дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетеді.

Қарулы Отан қорғаушылары бір қатарда жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілері тұр.

Құқық тәртібі әскерлерінің – Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының қызметі мемлекеттің тарихы мен тағдырымен тығыз байланысты. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін 25 күн өткен соң, 1992 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері құрылды. 2014 жылғы 21 сәуірде еліміздің барлық құқық қорғау жүйесін реформалау шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ішкі әскерлер Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы болып қайта құрылды. Құқық тәртібі әскерлері жауынгерлерінің ұраны: «Ұлттық ұлан-біртұтас жауынгерлік отбасы, біз үшін Халық, біз үшін ел», олар өз өмірлерін аямай, кез келген уақытта жоғары қырағылық, пен батылдық көрсете отырып, Отан қорғауға тұруға дайын.

Мәселен, 1995 жылғы 7 сәуірде Шымкент полкінің құрама ротасының әскери қызметшілері тәжік-ауған шекарасындағы заңсыз қарулы құрамалармен тең емес ұрыс барысында батылдық танытты. Бұл ерлік өткен жылы прокатқа шыққан «Қазбат» көркем фильмі де түсірілген. 2010 жылы түзеу мекемесін күзету бойынша сақшы бола тұра, қатардағы жауынгер

Ербол Отарбаевтың Қарулы топтық қашуына жалғыз өзі қарсы тұрды, оның ерлігі бойынша «Алтыншы бекет»көркем фильмі түсірілді.

Біздің азаматтарымыздың тыныштығы сақтай отырып, Ұлттық ұланның әскери қызметшілері күн сайын еліміздің 19 қаласында қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі патрульдік қызметке кірісіп, қылмыстық-атқару жүйесінің аса маңызды объектілері мен мекемелерін күзету жөніндегі жауынгерлік қызмет атқарады. Елде табиғи, техногендік немесе әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде олар бірінші болып апатқа ұшыраған адамдарға көмекке келеді және оларға шын жүректен көмектеседі. Атап айтқанда, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында су тасқыны кезінде, Қостанай және Ақтөбе облыстарында малдың жаппай қырылуы кезінде, Жаңаөзен қаласында, Алматы және Жамбыл облыстарында бұзақылық тәртіпсіздіктер кезінде осылай болды. Қазіргі таңда Ұлттық ұлан бөлімшелері Түркістан облысы- ндағы бөгеттің жарылуы мен су тасқынынан зардап шеккен адамдарға бірінші болып көмекке келді.

Бүгін, біздің еліміз үшін қиын уақытта, төтенше жағдай режимі енгізілген алғашқы күннен бастап, Ұлттық ұланның әскери қызметшілері медицина қызметкерлері, Ішкі істер органдарының қызметкерлері және Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшілерімен бірлесіп, коронавирустық инфекция пандемиясымен күресте алдыңғы қатарда табылды. Еліміздің барлық өңірлерінде Ұлттық ұланның бөлімшелері қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз

етеді, маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерді қорғауды күшейтеді.

Төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ете отырып, Петропавл Әскери институты мен Ұлттық Ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығы әскери бөлімінің әскери қызметшілері күн сайын Петропавл қаласында қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жауынгерлік қызмет көрсетті.

Ұлттық ұлан жауынгерлерінің маңызды мемлекеттік міндеттерді орындауының осы және басқа да мысалдары бүгінде Ұлттық ұлан қатарында қызмет ету шын мәнінде патриотизм, тектілік және батылдық мектеп болып табылады:

Ұлттық ұлан жауынгерлерінің кәсіби негізі офицерлер корпусы болып табылады. Олар бүгінде әскери ұжымдардың көшбасшылары болып табылады, бөлімдер мен бөлімшелерді ұйымдастырады және басқарады, қарауылдарды басқарады, бағыныст жеке құрамды оқытады және тәрбиелейді.

1997 жылы 18 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен құрылған Петропавл Әскери институты Ұлттық ұлан үшін офицер кадрларының даярлайтын ошағы болып табылады.

Институттың «әскери іс және қауіпсіздік» даярлау бағыты бойынша жеті мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына мемлекеттік лицензиясы бар: Ұлттық ұланның командалық-тактикалық, командалық-тактикалық тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар, байланыс әскерлерінің командалық-тактикалық, әскерлерді командалық-тактикалық инженерлік қамтамасыз ету, әскерлерді командалық-тактикалық зымырандық-артиллериялық қамтамасыз ету, әскерлерді командалық-тактикалық автомо-

бильдік қамтамасыз ету, әскерлерді командалық-тактикалық тылдық қамтамасыз ету.

Институтта тұлғаны дамыту, жоғары адамгершілік және әскери-кәсіби қасиеттерді қалыптастыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін оқу-материалдық және техникалық базаны жақсарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізеді.

Қазіргі уақытта әскери институт түлектері ҚР Қорғаныс министрлігінің, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің, ҚР ІІМ ТЖК, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімдерінде және ҚР ІІМ мен ҰҚК арнайы мақсаттағы бөлімшелерінде сұранысқа ие. 2009 жылдан бастап әскери институт әскери кадрларды даярлау бойынша халықаралық деңгейге шықты. Үкіметаралық шарттарға сәйкес бізде Қырғызстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасынан келген курсанттар оқиды.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, біз өз болашағын офицер мамандығымен байланыстыруды армандайтын әскерге шақыру жасындағы жастарды, ішкі істер органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің балаларын Ұлттық ұланның Петропавл Әскери институтына түсуге шақырамыз.

Қазақстан Республикасы ІІМ департаменттері мен қызметі басшыларына, Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығына, сондай-ақ өзара іс-қимыл жасайтын органдар мен құрылымдар басшыларына курсанттардың мұқтаждықтары мен қамқорлықтарына тиісті көңіл бөлгені, болашақ офицерлерді оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі жемісті ынтымақтастығы үшін зор ризашылығымды білдіремін. Бірлескен күш-жігермен біз еліміз үшін кәсіби және бәсекеге қабілетті

офицер кадрларын даярлауда үлкен жетістіктерге жететінімізге сенімдімін.

Мемлекеттік мерекелер – Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс Күні қарсаңында Отан қорғау-жүректің шақыруы бойынша таңдалған кәсіп және мамандық болып табылатын иығында иық белдігін тағып жүргендердің барлығын шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі күні Отан қорғаушылар үшін патриотизмнің, ар-намыстың, борыш пен батылдықтың, оларға мықты денсаулық пен ұзақ өмірдің үлгісі болып табылатын Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның ардагерлеріне ерекше алғыс пен құттықтаймын.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институтының бастығы, с/ғ PhD докторы, генерал-майор Б.С Әбжанов



# ЖЫҚПАҒАН НАМЫС ТУЫН ЕР МЫҚТЫБАЙ

**Тарихи тұрғыдан ұлт үшін маңызы зор, мәні терең іс-әрекетке барған, аса жауапты сәттерде халық тағдырында айрықша орын алған адамға халықтың өзі ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін баға беріп, асқан ерлік көрсеткен азамат халық батыры атанған.**

Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібектен бастау алған батырлық үрдіс өз жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа тарады. Қазақ жерінің бір сүйемі де осындай батырлардың арқасында жаудың қолында кетпеді. Болашақ шаңырақ иесінен "Өскенде кім боласың?" – деп сұрағанда, "Батыр боламын!" – деп жауап беруі заңдылыққа айналған. Қазақ халқы ел басына күн туғанда бірігіп, қиыншылықтарды жеңіп, үш ғасыр өз мемлекеттігін, ұлан-ғайыр жерін көз тіккен жаулардан өз ісімен елдікті, бірлікті жоғары қойған батырлар күшімен қорғап қалды. Талай жаугершілікті бастан кешіріп, ол шеті мен бұл шетіне құс қанаты талатын қазіргі кең-байтақ құтты қонысы, атамекенімізді бізге аманаттап қалдырды.

Халық биікке көтерген, аттары аңызға айналған батырлардың ішінде Абылай ханның әйгерлерінің есімдері айрықша жарқырап көрінеді. Өңірде ел қорғаған ерлерге ескерткіш қойып, ерліктерін ел есінде жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Ақкөл ауданы Араптоғаш ауылының маңында Жәнсүгір батыр кесенесі ашылды. Айыртау ауданы Қоскөл ауылы маңында Жәпек батыр рухына тағзым етіліп, ескерткіш қойылды. Петропавлда Қарасай мен Ағынтай батырларға, ордабасы Қошқарбегі жырауға ескерткіш тұрғызылды. Есіл ауданы Бұлақ ауылының оңтүстік беті, бес әулие жерленген "Әулие төбеде" Құлсары бабаға құлпытас орнатылып, кесене салынды. Мендене батырға ұрпағы 2007 жылы Сұпы стансасынан 5 шақырым жерде кесене салғызды. Сары мен Сүйір батырларға Тимирязев ауданында ас беріліп, Докучаев ауылынан 5 шақырымдай жерде үлкен кесене орнатылған. Сенсен батырға – Талшық ауылында, Сүйіндік батырға Орталық ауылында ескерткіш тас қойылды.

Жас ұрпақты рухани тәрбие мен қайсарлыққа баулуда батыр бабаларымыздың ерлігі мен өрлігін үлгі етуден асқан ғанибет жоқ. Олардың өмір жолдары тарих беттерінде кейінгіге өлмес өнеге болып өріліп жатыр. Олар ел тарихында отаршылдыққа қарсы ұлтазаттық күресті, жер тұтастығы мен ел азаттығы үшін күресті де ұйымдастырып, басшылық жасады. Сондай тарихи тұлғаның бірі – Мықтыбай батыр 1720 жылы қазіргі Жамбыл ауданы Бали ауылы қонысында туған. Қарағанды облысы Нұра өзені бойында соғыста мерт болған. Шежіреге жүгінсек Керей – Ашамайлы – Тарышы – Ақсары – Нұралы – Өтеген – Қантай – Қалыбек – Қожағұл – Мықтыбай деп жалғасады.

XVIII ғасыр ортасында Қызылжар маңында Қошқарбеген батырдың сарбаздары жоңғар жасақтарына екі рет есеңгірете соққы берген. Есіл бойындағы бір соғыста Мықтыбай батырмен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына ілінерде жалынып, өлтірмеуін өтінеді, байлығын ұсынады. Сонда Мықтыбай "Қазақ жаугершілік жасаған жоқ, кінә елдеріңде", – деп өлтіріп тастапты. Сонда қалмақ: "Жеті ұрпағыңның соңынан қалмаспын", – деп қарғаған екен. Батыр 13 жыл соғысқа қатысқан, отбасын құрмаған. Нұра өзені бойында қаза болған. Қалмақтың сандырағы келіп, жастай мерт болып, туған жердің топырағы бұйырмай, туысқан ұрпақтарының да көп жылдар жолы болмаған екен. Бүгінде 9 ұрпақтан асқан Қожағұл балаларынан бір-екі ұлынан ұрпақ болмай, ауруға шалдығып, өліп отырған. Мұны "қалмақтың сәуегей батыры қалмай келе жатыр" дейді жұрт.

Мықтыбайдың қалмақтармен соғыстағы ерлігін ауыл ақсақалдары аңызға айналдырып айтып жүретін.

"Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп өскен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім,
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке
Найзамен жау өкпесін тескен едім.
Қаймығып қалмақтардан кем қалам ба?" – деген өлең жолдарын "Бали" ауылының тұрғыны Қабдол Ерлеуметұлы айтып отыратын еді.

Бали колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жадігер аталатын 4 ауылдың жайлауы еді. Қазақтар туыстық жағынан ауылға бөлініп,



қыс болса кіндік кескен жерім, атамекенім деп әр ағаштың бауырын қыстаса, жаз шыға жайлауға көшетін. Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы болған, зират бар. 1928 жылдан бастап Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында. Батырдың қыстауы Маса көлінің жағасында орналасқан екен. Оның өлімі туралы туысқандары 13 жылдан кейін хабар алған. Семейлік Қалибек Нұхұлы "Найза ұшына жау мінгізген Мықтыбай" атты өлеңінде:

"Етуге жаудан азат қазақ жерін,
Майданға Мықтыбай да аттанады.
Астында күрең төбел атыменен
Жекпе-жекке шығады жолын алып
Қалмақтың бір алпауыт батырымен,
Қалмақты жалғыз қолмен көтереді.
Ұшына көк найзаның іліп алып,
Қарамай қас жауының қарғысына
Найзасын өңдіршектен салып алды
Зарлабын сұм қарғыстың сезе тұра,
Ел тағдырын жоғары бағалады.
Қалмақты жардан төмен лақтырады,
Мықтыбай алған беттен тоқтамады
Жаудың талай қонысын отқа орады,
Қалмақтың кеуде соққан сан батыры
Қолынан Мықтыбайдың болған қаза.
Жиырма тоғыз жасында жанын қиып,
Еліне сыйлап кеткен өмір гүлін.
Жықпаған намыс туын ер Мықтыбай,
Өзі де бір шайқаста мерт болады", – деп жырға қосқан.

1902 жылы Дала губернаторы Н. Сухотиннен Мықтыбай ата қыстауына құжат алған Жайлыбай бабамыз Мықтыбайдың Сары, Жабай батырлармен кезінде үзеңгілес болғанын естіген екен. Батыр туралы ел аузында аңыз-жырлар өте көп. Соның бірінде:

"Қазақтың намысы үшін басын тіккен
Шайқалып кетпесін деп керегесі.
Аңсаған азаттықты халық үшін,
Қалғанша қасық қаны жері үшін
Соғысып Ертіс, Есіл өзенінде
Қызылжар, Баянауыл маңайында", – деп келеді. Бұл шумақтарды қағазға түсірген Қабдол Ердәулетұлы.

Алматылық ақын Анарбек Бердібаев "Мықтыбай батырды еске алғанда" арнау поэмасында:

"Баян бастап желбіреген байрағы,
Атқа қонды бар Қызылжар аймағы,
"Жекпе-жек" деп Есіл өзен бойында,
Атойлаған естен кетпес ойраны.
Сары батыр, Есет батыр, Күлеке,
Көшекұлы Шақшақ батыр, Итеке,
Жанай батыр, Жантай батыр, Мықтыбай,
Жорықтарда қол бастаған Толыбай.
Шықты талай жоңғарлармен шайқаска,
"Жекпе-жек" деп талай батыр ойқастап.
Руы Қантай – Бекайдарұлы Мықтыбай,
Ол да шықты "жекпе-жекке" айқай сап.
Жау батырын түйреп салды найзамен,
"Өлтірме" деп жалынғанды тыңдай ма!
Сол жоңғардың өлерде айтқан қарғысы,
Жеті ұрпаққа жалғасып бір қалмайды.
Аңыз емес, оқиға бұл сенгісіз,
Ер елінің шыққан емес есінен,
Замандардың қалған емес көшінен.
Ауыл, көше, қорым, қыстау атауы,
Аталады "Ер Мықтыбай" есімімен", – деп келтірген.

Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет. Білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең-байтақ қазақ жері – бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған басты игілік. Олардың қаны тамған киелі жерімізідің қойнауындағы бар байлығымыз бізге аманат, тапсырған қазынасын көздің қарашығындай қадіріне жетіп, сақтай білуіміз – парыз. Олардың ел тағдырындағы тарихи орны, туған жерді қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел мықтылығы идеясы – бізге жеткен ел мықтылығы идеясы – бізге жеткен барлық тарихи мұралардың алтын арқауы.

2019 жылы 9 желтоқсанда "Egemen Qazaqstan" газетінде: "Батыр – бәріне ортақ байтақ қазақ жерін қорғаған. Ел басына күн туғанда алты Алаштың баласы осылай тізе қоспаса, мына өлке ұрпаққа мұра болып қалар ма еді?! Бабалардың ірілігі, намыстылығы, бауырмалдығы бүгінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Бөлінбей Қазақстан деген бір тілеумен өмір сүретін кезең қайта басталды. Бұл – елдігіміздің белгісі. Жырақта жатқан бабасына белгі орнату батыр бар қазаққа ортақ екенін білдіреді және қазақ жерінің біртұтас екенін дәлелдейді. Ағынтай мен Қарасай батырлардың сүйектері Айыр-таудағы Құлшынбай төбесінде жерленген. Батыр Баян бейіті Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Шеңелек зиратында. Батыр Баянның серіктесі, терісейлік Мықтыбай Бекайдарұлы да осы жерде қоныс тапқан. Жақсыны ардақтау, оған қарап бой түзеу, кісілік қалыптастыру – дәстүр талабы", – деп жазған Нұрлан Ердәулетұлы есімді автор.

Мықтыбай батыр жайлы басқа да деректер Қазақстан ғылым академиясының тарих және этнография институтында, Орталық кітапхананың қолжазбалар қорында Ж. Әлібаев, Н. Бегалинов, Ш. Есмағамбетов, С. Жұмадиев және т.б. адамдардан жазып алынған мәліметтерде. "Есімдері ел есінде" (А. Тасболатов, 2012 жыл), "Тағзым" (Н. Мұхаметкалиев, 2013 жыл) кітаптарында, "Президент және халық", "Қазақ елі" (2015 жыл), "Қазақстан заман" (2016 жыл), Алматы облыстық "Жетісу" және Петропавл қалалық "Қызылжар нұры" газеттерінде жарық көрген.

Мықтыбай батырдың туғанына биыл 300 жыл толды, артында қалған тікелей ұрпақ болмаған соң оның ерліктері мен еңбегі уақтылы дұрыс бағаланбай келгені өкінішті. Бұл олқылықтың орнын толтыратын уақыт жетті. Батырға арналып Баян ауылы Мықтыбай қыстауындағы қорымда ескерткіш орнатылып, баба рухына дұға бағышталды.

**Сартаев Жанбатыр Нұртайұлы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҰ Әскери институтының педагогика және психология кафедрасының профессоры, ҚР және РФ Әскери ғылымдардың академигі, отставкадағы полковник**

Серікбай ҚУСАЙЫНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Құрметті азаматы

39

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының " Бүркіт " журналы**


ОБЩЕСТВО СК 7

# Героизм Мыктыбай батыра

**"Северный Казахстан" газеті**



"Мықтыбай батырға-300 жыл" ғылыми практикалық конференцияда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұлан Әскери институтының педагогика және психология кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, ҚР және РФ әскери ғылымдарының профессоры, доғарыстағы полковник Жанбатыр Нұртайұлы Сартаев сөз сөйлеген сәті.



Мықтыбай батырға арналған мемориалдық кешен жанында әскери институт қызметкерлері



"Мықтыбай батырға 300 жыл" атты ғылыми практикалық конференцияға қатысқан делегаттар М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті профессоры А.А. Плешаков пен ҚР Ұлттық Ұлан Әскери институты қызметкерлері



**Сүйіндік батырға ескерткіш ашу салтанаты**



**Әскери институт ұландары батырға арналған ескерткіш алдында**





Мықтыбай батыр жайлы Әскери институтта курсанттармен Ауызша журнал іс-шарасы өткізілді. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар циклінің бастығы полковник Смағұлов Болат Советұлы, 352 топ курсанты Жанғали Ердәулет Сайранұлы.

# МЫҚТЫБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

Батыр казахской степи – Мыктыбай

Хотелось бы вкратце осветить жизнь и деяния действительного батыра 18 века – последнего века степного рыцарства. Хотелось бы также добавить, что единственным критерием выбора героев, оценки роли исторического персонажа является информация источников. Мыктыбай батыр из рода Керей, племени Қантай является известным батыром времен казахско-джунгарских войн. В письменных источниках упоминается гораздо реже, в отличие от Баян батыра Қасаболатұлы он особой власти не имел и не принимал участия в управлении своим родом. К примеру, в переговорах с российскими властями принимал участие Кулсары батыр. В плену у калмыков вместе с Абылаем султаном был Жапек батыр.

Казахско-джунгарские войны – серия военных действий между казахскими жузами и Джунгарским ханством, продлившаяся с 16 до середины 18 века. Стратегической целью джунгар являлось увеличение территорий для кочевья путём присоединения соседних земель Казахского ханства, а в дальнейшем полное завоевание.

В 17 веке начали проникать ойраты, они стремились взять под свой контроль торговые пути и захватить оседло-земледельческие оазисы.

Российский востоковед Н.Бичурин на основании китайских исторических хроник, полагал что ойраты замыслили восстановить Великую Монгольскую империю, приводя в своём труде «Историческое обозрение ойратов или калмыков». Ойроты без кровопролития приобрели господство над обширными странами в Азии от Алтая на Запад до Каспийского моря, на Юг до пределов Индии. Очевидно, что Ойроты, размножившись в продол жение 150-летнего мира от Эсэня до Хара-Хулы, замыслили восстановить древнюю Чингис-Ханову Империю в Азии. Но междоусобия и политика Пекинского кабинета не привели дел их в совершенное расстройство».

Ослабление Казахского ханства из-за внутренних распрей обусловило укрепление позиций Джунгарского ханства, основанного в 17 веке «левым крылом» ойратских племён. В военном отношении Джунгарское ханство представляло собой серьёзную военную угрозу для казахских родов. На вооружении джунгарской армии ещё в конце 17 века появились огнестрельное оружие с фитилём и артиллерия. У джунгар была организованная армия 200 тысяч конницы.

Положение было настолько серьёзным, что в 1710 году в Каракумах был созван съезд представителей всех трёх казахских жузов. Было организовано общее казахское народное ополчение под командованием Богенбай батыра, которому удалось приостановить наступление ойратских войск.

С запада на казахов совершали набеги волжские калмыки и яицкие казаки, с севера – сибирские ка-

заки, за Яиком- башкиры, с юга бухарцы и хивинцы, но главная военная опасность исходила с востока, со стороны Джунгарского ханства, частые военные вторжения которого в казахские земли в начале 1720-х годов приняли угрожающие масштабы.

В 1722 году агрессия Джунгарского ханства, принесла страдания, голод, разрушение материальных ценностей, нанесла невосполнимый урон развитию производительных сил: тысячи мужчин, женщин и детей были угнаны в плен. «Годы великого бедствия» (1723-27 гг.) больше половины населения казахской земли убито, по своим разрушительным последствиям сравнимы лишь с монгольским нашествием начала 13 века. Приближение тысяч семей к пределам Средней Азии и владениям волжских калмыков обострили взаимоотношения в регионе. Казаки, каракалпаки, узбеки, нападая на обессилевших казахов, усугубили и без того их критическое положение.

В 1726 г. в местности Ордабасы состоялось собрание представителей казахских жузов, которые приняли решение об организации народного ополчения. Главой и предводителем ополчения был избран Абулхайр хан. После этого собрания ополчения трёх жузов соединились. Битва произошла в предгорьях Улытау, в местности Карасиыр. Эта первая крупная победа казахов над джунгарами имела моральное и стратегическое значение. Местность получила название «Место, где были истреблены калмаки».

В декабре 1729 -январе 1730 гг. близ озера Алаколь произошла Анракайская битва. Победа над армией калмыков казахам досталась благодаря объединению сил трех жузов, самоотверженной стой-

кости воинов казахских батыров под руководством Абулхайр хана и талантливых полководцев.

В то время у казахов не было письменности. Поэтому сегодня мы не вооружены реальной информацией обо всех героях. Многие батыры практически не отличаются друг от друга, что практически иногда память реальных героях остается в тени. Настояших, решавшие судьбы многих земляков в поединках не мало.Они являлись незаурядными поединщиками и необыкновенно удачливыми барымтачами, покровителями своих племен. Их историческое значение ограничивалось только региональным уровнем.

Мыктыбай являлся классическим жеке батыром. В молодости он проявил себя как зашитник скота близких родственников, близ расположенных зимовьях аулов. Но уже в 40-х годы 18 в. он прославил себя в локальной войне с джунгарами, главной целью были пастбища, и сенокосные угодия, с которых надо было выдавить незванных гостей. Небольшие отряды батыров, укрепившись в лесах, где превосходство противника в численности не играло решающей роли, постоянно тревожили диверсиями. Это безпроигрышная тактика. Стремясь подавить сопротивление, джунгарские отряды неоднократно попадали в засады, и все новые местности в степи получали название “Калмыцкая гибель”. Казахи полностью вытеснили джунгар из Сары-Арки.

Между сторонами заключались мирные договора. Разумеется, мир, заключенный правителями, мало что значил для отчаянных молодых казахских батыров из Среднего жуза. Они продолжали совершать набеги, уводить табуны, воровать невест. Настоящая мужская поддержка Богенбая, Кабанбая, Баян батыр

и других степных орлов позволила Абылай хану обзавестись собственным улусом и вскоре превратиться в наиболее авторитетного правителя Среднего жуза.

В середине 18 века под Кызылжаром в войне с джунгарами под руководством Кожабергена и Толыбая потерпели поражение калмыки. Возле реки Ишим в одном из бою с жунгарскими калмаками Мыктыбай батыр выходит один на один на поединок с калмакским батыром Едгонжук. Калмак был побежден, он умоляет не убивать, предлагает все награбленное у казахов богатство. Мыктыбай отказывает ему и копьем убивает противника и бросает в реку Ишим. Едгонжук қалмақ пугает своими проклятиями. Мыктыбай 13 лет участвовал в войне, не создал семью, погиб в 29 лет в Централь ном Казахстане. Оказывается проклятия калмака не пустые слова. Мыктыбай погиб, ему не суждена горсть родной земли. 2 с половиной века в повседневной жизни его близкие родственники – Кожагульские потомки без прироста. Это сауегей батыр калмык преследует» – говорили древние старожилы.

Мыктыбай отличался в поединках с джунгарскими калмыками. Стихи Мыктыбай батыра:

«На фронте сабле дал волю,
Я не проверял ни одного врага.
Носят доспехи, с флагом на коне,
В поход отправлялся много раз.
Прошел я много испытании , терял друзей,
Много крови пролил на фронте в боях

Копьем пронзил легкие врага « дошли до наших дней. Аксакалы села рассказывали о подвиге Мыктыбая, превращая его в легенду.

Свои стихи Мыктыбай батыру посвятили такие акыны, как

А. Бердибаев, Н. Жапар, К. Накысбеков, К. Алибаев, К.Жумаханов, Ж. Нусипжан.

В институте истории и этнографии и фонде рукописей Центральной библиотеки АН РК, сохранились сведения (1964 г), озвученные Ш. Есмагамбетовым, Ж.Алибаевым С. Жумадиевым, Н. Бегалиным. В энциклопедии Северо – Казахстанской области на 195 странице указано: "В 1929 году аулы Мыктыбай, Бажы, Балта, Байсал, Шалабай, Кент, Дуйсе были объединены в Союз "Косшы", позже в колхоз Баян, центр совхоза "Баянаул".

«Сельское дыхание 1930-40-х годов история современного села Баян начинается с 20 годов. Местом расположения колхоза Баян был жайлау 4 аулов Мыктыбай, Шагырай, Дуйсе, Жадигер до коллективизации». (Ауылым аты – Баян Танат Айтмукашулы).

В Жамбылском районе в 1,5 км к востоку от села Баян находится зимовка Мыктыбай, там же кладбище Мыктыбай. Зимовка расположена на берегу озера Маса.

С 1928 года одна улица села Баян носит имя Мыктыбай батыра. Военные амуниции Мыктыбая были сохранены. Шокпар-гурзи, меч, копье и т.д. Кольчуг был выполнен в виде рубашки с короткими рукавами, воротник с лацканами сплетенных из отдельных железных колец двухслойный весом 24 кг.

Батыр Баян Касаболатулы покоится на кладбище Шекелек Каркаралинского района Карагандинской области. Его соратник Мыктыбай Бекайдарович тоже «поселился здесь навсегда». Исполняется 300 лет со дня рождения Мыктыбая батыра. Героя рождает

время. Звание героя не присваивается путем преемственности, не купишь, каждый человек наделен личным мужеством. На кладбище в зимовье Мыктыбай села Баян был установлен памятник Мыктыбай батыру и освящен Коран.

1758 году перестало существовать Джунгарское ханство, созданное Батуром, часть торгутов и хошутов включена в состав Манчжурской империи Цин. В октябре 1771 года указом императрицы Екатерины II Калмыцкое ханство на Волге, созданное Аюке ханом было упразднено.

Я, как военный человек прихожу к выводу, что калмыкский народ был воинствующим. Не имея боевого оружия, войдя в доверия русским смог получить оружия, тем самым достиг многого. Но следует отметить, что благодаря мужеству и героизма казахских батыров по защите родных мест не удалось джунгарским калмыкам, ойратам реализовать задуманную мечту о восстановлении Великой Монгольской империи. Народ не забудет своих героев, принимавших активное участие в борьбе за целостность земли.

**А.Семушкин,** заслуженный работник ФК РК, профессор КазГАСТ, Почетный работник образования РК, полковник МВД РК.

20 октября 2020 года г. Алматы

## Тауды биік деме, талаптансаң шығарсың

Табиғаттың уақыт, кеңістік, қимыл, тепе-теңділік пен қарама-қарсылық заңдылықтары қоғамдағы қандай болмасын өзгерістерге, адам өміріне де әсер ететіні белгілі. Ұлы мәртебелі уақыттың ешкім әлі

тылсым құпиясының сырын аша алмай келе жатқан жаратылыстың сырына және Адам мен Замана ағымына ықпалының шын мәнінде қуатты екендігіне ешкім шек келтіре қоймас. «Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» – деген Абай ата.

Қанаттыда қыран бүркіттің алғырлығы мен айбаттығына, қырағылығы мен батылдығына, өрлігі мен өжеттігіне тең келер құс жоқ. Және оның заңғар көкке ұшуы да, аққан жұлдыздай шаншыла түйілуі де бөлек. Ол 5 мың метр биіктікте оқтай зулап бара жатып, жердегі ит тұмсығы батпас ну ішіндегі қыбырлаған құмырсқаны алақанға салғандай көреді екен. Талғауы да, тазалығы да қайран қалдырады.

Қазақ ел сенген азаматтың адалдығы мен асылдығын, қажыр-қайраты мен қайсарлығын, қарапайымдылығы мен қайырымдылығын шынайы бағалаған кезде осы ақиық қыранға баулиды. Ата аманатындай туған өңірдің сан жылдық тарихындағы қатпарлы құпияның бетін ашып, жабулы жұмбағын шешу, табиғи шындық-артында ұрпақ қалмағандықтан, заманның ағымымен шыңырау түбінде қалған шындықты шығару, таныту кезі 2020 жылға келген екен. Ақ жол тілегім келеді.

Мықтыбай атамыз да қыран тұрпатты, азамат деген ардақты атты кісілікпен көтерген тарихи тұлға. Ел басына күн туған кезде өз қатарымен бірге ата жұртын, туған-туысқанын, күндерін көріп отырған малдарын жаудан қорғауға атсалысты. Қазақ жеріне жайылымын кеңейту мақсатымен шетелден келгендер еті үйренгеннен кейін шапқыншылық мақсатты алға қойды. Бұл кезде Мықтыбай және оның

замандастары жау шапқыншылығына қарсы қолдарына қару алып соғысқа үлкендермен бірге араласты.

Халқымызда «жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір басқа, жігітте де жігіт бар, азаматы бір басқа» деген сөз тіркесі жай айтылмаған. Мықтыбай талай жаудың батырларымен жекпе-жекте жеңіп, ерлік танытқан. Ел ішінде Мықтыбайдың қалмақтың батыры Едгонжукпен жекпе-жекке шығуы, және оның жеңісі есте сақталған. Мықтыбай батыр қалмақтармен 12 жылдан артық соғыстарға қатысып, 29 жасқа толмаған шақта Орталық Қазақстанда жау қолынан қаза болған.

Халқымыз уақыт деген сөздің мағынасына көп мән беріп, "Уақыт көрсетеді", қиыншылық кезде "Уақыт емдейді" деген сөз тіркестерін пайдаланған. Міне сол уақыт жетіп, 2020 жылы Баян ауылда Мықтыбай батырға қарапайым ескерткіш қойылып, оның рухына дұға бағышталды.

Тұлғаның қалыптасуына өз заманының әсері мол. Бүгінде Мықтыбай батыр және оның серіктестерінің орны өрде, рухы төрде. Ия, бүгінгі күні Мықтыбай батыр-Баян ауылының төл құжаты, визиттік карточкасы, оған бүгінде баламаң жоқ.

Барды бағалай білу-саналының қолынан келеді. Халық «бірдің айтқанына пейіліңді и, көптің айтқанына басыңды и» деген. Баян ауылында тұратын ауылдастарыма, іні-қарындастарыма тілейтінім: аманшылық, ауыз бірлік, сыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық.

Қазақтың қара тамыры-ауылда. Ауылды көркейтуге күш салу керек.

Тауды биік деме, талаптансаң шығарсың, жауды мықты демеңіз, ерлік етсең жығасың – дегендей, тал-

май еңбек етуді, тіршіліктің тынысын кеңейтіп, ата жолын алға жалғастырған қара шаңырақтың құламауын, қараошақтың шоғы сөнбеуін, киелі бесіктің бос болмауын қалаймыз.

Өнегелі өткенді жалғастырар деп үмітіміз зор, атадан атаға айнымас мұра болып келген бүгінгі биікті, адамды сенімнен айырмай, қанатын қайырмай, келешекке жол сілтеу біздің парызымыз деп ойлаймын. Біздің алдымызда өткен аузының дуасы бар, сөзінің киесі бар, тұлпар мінген батырлар, ел қамын жеген ағалар, сөз бастаған даналар тағылымы жастарымызға үлгі болу керек.

**Илияс Исабайұлы, Нұрсұлтан қаласы 2020 жыл**

## Орел Великой степи – Мыктыбай

Мыктыбай Бегайдарулы участник казахско-джунгарской войны 18 века.

В духовном воспитании подрастающего поколения нет лучшего средства для подражания их мужеству и возвышенности. Их жизненный путь пронизан историей. Народ не забыл своих героев, которые принимали активное участие в национально-освободительной борьбе против колониализма, борьбе за целостность земли и освобождение страны. В западной части села Жекеколь возведен мавзолеи Кожаберген жырау, Сегиз Сери, Толыбай сыншы. Установлены памятники в селе Талпын Сексен батыру, Суюндык батыру возле с. Орталык. В 1763 году казахи округа организовали ас поминание в местности Гюлтобе-マманай годовшине смерти Кожаберген жырау. В обеде

приняли участие Абылай хан, Богенбай, Кабанбай батыры, Бухар, Актамберды, Умбетей, Татикара, Котеш жырау. Жанкиси жырау издал плачущий псалом для Кожабергена.

Мыктыбай родился в 1720 году ныне в селе Баян Пресновского района Северо Казахстанской области. В середине 18 века под Кызылжаром в войне с джунгарами под руководством Кожабергена и Толыбая потерпели поражение калмыки. Возле реки Ишим в одном из бою с Мыктыбай батыром герой калмыка побежден, высоко поднятый и висевший на копье он умоляет не убивать, предлагает богатство. Мыктыбай сказал: «виноватые в этом вы завоеватели, мы зашищаем родную землю и независимость казахского народа». «Едгонжук қалмақ проклинал:"я не отстану». Мыктыбай 13 лет участвовал в войне, не создал семью, погиб в 29 лет в Центральном Казахстане. Проклятия калмака сделали свое, Мыктыбай в раннем возрасте погиб, ему не суждено горсть родной земли, также не повезло в повседневной жизни его близким, родственникам. От Кожагульских потомков 9-тое поколение нет прироста. "Это сауегей Батыр калмык преследует», – говорили старожилы.

С призывом «Алаш» Мыктыбай отличился во многих войнах с джунгарскими калмыками. Стихи Мыктыбай батыра:

«На фронте сабле дал волю,
Я не проверял ни одного врага.
Носяя доспехи, с флагом, на коне,
В поход отправлялся много раз.
Прошел я много испытании, терял друзей
Много крови пролил на фронте в боях

Копьем пронзил легкие врага « дошли до наших дней.

Аксакалы села рассказывали о подвиге Мыктыбая, превращая его в легенду.

Свои стихи Мыктыбай батыру посвятили такие акыны, как А. Бердибаев, Н. Жапар, К. Накысбеков, К. Жумаханов, Ж. Нусипжан. О нем написано в книге «Тағзым» Н.Мухаметкалиев 2013г.), в республиканских газетах «Президент и халық », «Қазақ Елі» 2015 год, «Қазақстан Заман»(11.08.2016), на страницах областных газет «Жетысу», «Солтүстік Қазақстан» и «Кызылжар нуры».

Поэт Нурбуби Жапар из Алматинской области в стихотворении "Бабалар құйған сертті кесесіне»:

Был таков батыр «Мыктыбай Бегайдар,
К джунгарам, к калмыкам был жесток,
Вместе с Абылай ханом совершили поход,
Сегодня твой подвиг запомнился стране,
Его именем названы ауыл, улица, зимовье, кладбище.
•

В Жамбылском районе в 1,5 км к востоку от села Баян находится зимовка Мыктыбай, там же кладбище Мыктыбай. С 1928 года одна улица села Баян носит имя Мыктыбай батыра. Зимовка расположена на берегу озера Маса. Военные амуниции батыра был сохранен. Лук, меч, копье и т.д. Кольчуг был выполнен в виде рубашки с короткими рукавами, сплетенных из отдельных железных колец воротник с лацканами двухслойный весом 24 кг.

В стихотворении «На кончике копья» Семипалатинец Калибек Нухұлы написал:

На фронт идет сильный и храбый
Под бордовыми холмами

Выходит на бой,
С одним калмыцким героем-гигантом.
Поднимает калмыка одной рукой,
На кончике висело синего копья
Не глядя на проклятие врага
Он высоко оценил судьбу страны.
Калмыка бросили вниз по оврагу.
В двадцать девять лет он умер,
Цветы жизни, которые он подарил своей стране.
Мыктыбай не уронил флага и честь,
Сам погибнет в одном бою», – добавил он.

Мықтыбай дружил с Жанай и Сары батырами, они вместе воевали против калмыков.

На странице газеты «Егемен Казахстан 9 декабря 2019 года было отмечено «Батыр – защищает необъятную казахскую землю. Братство предков должны служить примером для сегодняшнего поколения. Это символ нашей страны. Сооруженный памятник батыру это знак уважения предку, лежащему в овраге, означает, что батыр един с казахом и доказывает единство казахской земли. Мыктыбай Бекайдарулы «поселился навсегда» в Карагандинской области. И сегодня мы обязаны включить Мыктыбай Бекайдарулы в институт батыров 18 века. Исполняется 300 лет со дня рождения Мыктыбая батыра. Героя рождает время. Звание народного героя не присвоено путем преемственности, а каждый человек наделен личным мужеством.

Идея защиты, сохранения родной земли, единства народа, солидарности – вот золотая основа всего исторического наследия. На кладбище в зимовье Мыктыбай села Баян был установлен памятник Мыктыбай батыру и освящен Коран.

**М.Ф.Саяпин,** доктор военной медицины, полковник МО РК
20 октября 2020 года г. Алматы

## «Бір өзі бір бөшкені көтерген»

2017 жылы 18 қаңтарда «Президент және халық» газетінде «Бір өзі бір бөшкені көтерген» мақала жарияланды. Өмір таңы балалық қой, оны еске алсаң өскен жер, туған ауыл көзге елестейді. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Баян орта мектебінде оқыған Қабдол ағамыз 1957 жылы Петропавл қаласында ЖУ-2 училищесінде білім алып жүрген кезінде классикалық күрестен Солтүстік Қазақстан облысы чемпионы болады.

1959 жылы комсомолдық жолдамамен Қазақстан Магниткасына құрылысқа қатысуға барады. 1959 жыл- СССР көлемінде жазғы II спартакиадаға дайындық жүріп жатқан кез. Қарағанды облысы бойынша күрестен сұрыптау біріншілігі өтіп, Қабдол ағамыз Қарағанды облысының жеңімпазы атағын алады. «Трудовые резервы» спорт қоғамы атынан Мәскеу спартакиадасына классикалық күрестен Қарағанды облысы командасы құрамына қосылады. Мәскеудегі СССР көлеміндегі Одақтық жарысқа баруға даярланып жүргенде 1959 жылы 1 тамыз күні Теміртау қаласында жұмысшылар көтерілісіне қатысып, спартакиада өтіп жатқанда тергеуге түсіп, ауылға қайтуға мәжбүр болған.

Н.Ердәулетұлының «Өмір-ай» кітабына жазған алғы сөзінде және мақала жайлы редактордың кабинетінде әңгімеде: «Әттеген-ай, жұмысшылар ереуілі болмағанда , Қабдолдай қазақтың баласы Одақтық спартакиадада жеңімпаз атанып қазақтың атағын шығаратын еді»- деп өкініш білдірген.

**Марат Тоқашбаев,** «Президент және Халық» газеті Бас редакторы, ҚР Педагогикалық Ғылым Академиясы академигі, профессор, жазушы-публицист.

**Айтарым бұл ауылда бар туысқа: – Өркендей бер !**
**Баянның жерін, суын, көлін сүй де !**

О, туған жер, көкірегіме сыр еккен,
Сен дегенде жас моншағы дір еткен.
Қалсаңдағы саған деген ұлыңның
Махаббаты бірге жүрмек жүрекпен.
Бойыңда талай жылдар, заман жатыр,
Данышпан не бір ғалым адам жатыр.
Айтарым бұл ауылда бар туысқа Өркендей бер !
Баянның жерін, суын, көлін сүй де !

Заманның ағымына сай сонау 18 ғасырдың ортасында тарих қойнауына кеткен Мықтыбай батыр есімі бүгінде «ортамызға келді». Оған дәлел: Мықтыбай қыстауындағы Мықтыбай атындағы қорым-зиратта Мықтыбай батырға қойылған қарапайым ескерткіш. «Ердің аты ел есінде» деп бекер айтпаған. 20 ғасырдың басында ауылдас ата, әкелеріміз 1928 жылы құрылған қауымдастықтың, соңынан Баян колхозының бір көшесін Мықтыбай көшесі деп атаған екен. Сол көшенің № 20 үйінде батырдың жақын туысқан ұрпақтары Қабдол Мұхаметқалиев отбасы тұруда.

Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.

Ел үшін жанын қиған батырлардың есімі ел ұранына айналып, халық олардың аруақтарына табынған. Мықтыбай бабамыз қара берен батыр.

Халық даналығына құлақ түрсек: елуге келген адамның күш-қуаты жыл сайын, алпысқа келгеннің күш-қуаты ай сайын, жетпіске келгеннің күш қуаты апта сайын, сексенге келген адамның күш-қуаты күн сайын, тоқсанға келген адамның күш-қуаты сағат

сайын кемиді екен. Мықтыбай батыр 29 жасқа қарағанда жау қолынан қаза болған.

Солтүстік Қазақстан облысында 25 тарихи-мәдени орын киелі жерлер тізіміне енген. Бүгінде Баян ауылы да облыстың киелі жер тізіміне ілігуі үшін біраз құжат даярлап, мәліметтер жинап, іс-шаралар өткізуіміз керек.

Баян орта мектебі музейде Мықтыбай батырға бұрыш ашады.

2021 жылы 27 маусымда Мықтыбай батырға Баян ауылының шетте жүрген ұл-қыздарымен танымдық конфренция өткізу.

СҚ облыстық кітапханада дөңгелек стол ұйымдастыруды қолға аламын.

Петропавл қаласында әскери институтта «Мықтыбай батыр Бекайдарұлы» атты ғылыми практикалық конференция өткізуге ғалым жерлесіміз Сартаев Жанбатырға материал даярлап көмек беруді жоспарлап отырмыз.

Мықтыбай қыстауында 27 маусымда дастархан жайып, батыр рухына ас беруді ауыл азаматтары ұйымдастыруы керек.

Баян ауылын тарихи-мәдени орын киелі жерлер тізіміне кіргізу мақсатында жоспарланған жұмыстарды хаттап, электронды вариант даярлап, облыс әкімінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы КММ өткізуге жұмыс жасауды Нұрлан Ердәулетұлы екеуіміз келісіп жоспарлап отырмыз.

Баян ауылы облысымыздағы киелі жерлер тізіміне кірсе, ауылымыздың мәртебесі де артуы сөзсіз.

Жанкелді Тажин, зейнеткер, Петропавл қаласы 2020 жыл

## Майданда алдаспанға ерік берген Мықтыбай

Халық ардақтап, атын аңызға айналған батырдың бірі – Мықтыбай батыр. Мықтыбай 1720 жылы қазіргі Баян ауылы қонысында туған. 18 ғасыр ортасында жоңғарлармен Есіл бойында соғыста 19 жасар Мықтыбай батырмен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына ілінгенде, жалынып өлтірмеуін өтінеді, байлығын ұсынады. Мықтыбай: "қазақ жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздеріңде"- деген екен. 13 жыл соғысқа қатысқан, Мықтыбай Орталық Қазақстанда, Нұра өзені бойында соғыста қаза болған.

Ұраны "алаш" Мықтыбай жоңғар қалмақтарымен соғыстарда талай ерлі- гімен көзге түскен. Мықтыбай батырдың

«Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім,
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке

Найзамен жау өкпесін тескен едім» өлең жолдарын ауыл ақсақалдары, Қабдол Ердәулетұлы аңызға айналдырып әңгіме өрбітетін.

Солтүстік Қазақстан облысы энциклопедиясында 195 бетте: "1929 жылы Мықтыбай, Бажы, Балта, Байсал, Шалабай, Кент, Дүйсе ауылдары "Қосшы" одағына, кейіннен Баян ұжымшарына, "Баянауыл" кеңшарының орталығы болған"- деп көрсетілген.

"1930- 40 жылдардағы ауыл тынысы қазіргі Баян ауылы тарихы сонау 20- жылдан басталады.

Баян колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер аталатын 4 ауылдың жайлауы еді". ("Ауылым аты – Баян" Таңат Айтмұқашұлы).

Жамбыл ауданында Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы, батыс бетінде Мықтыбай ауылы зираты бар. 1928 жылдан бері Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында.

Мықтыбай батырдың сауыты сақталған еді. Ол ұсақ темір шығыршықтардан бір-біріне өткізіп тоқылған тордан, қысқа жеңді жейде түрінде жасалған. Ақсауыт жағасы бар, жеңі жоқ, қос қабатты салмағы 24 кг. болған.

2019 жыл 9 желтоқсанда «Батыр – бәріне ортақ байтақ қазақ жерін қорғаған. Бабасына белгі орнату батыр бар қазаққа ортақ екенін білдіреді және қазақ жерінің біртұтас екенін дәлелдейді. Батыр Баян серіктесі Мықтыбай Бекайдарұлы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Шекелек зиратында мәңгілік қоныс тапқан.» – деп көрсетілген «Егемен Қазақстан» газетінде.

Мықтыбай батыр туғанына 300 жыл толды. Батырды заманы тудырады.

Әлібек Жапеков, зейнеткер,
ҚР ІІМ полковнигі 8 қазан 2020ж.

# БАЯН АУЫЛЫ





Рухы төрде, атағы өрдегі Мықтыбайдың кіндік қаны тамған жері Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Баян ауылы қонысы



**Мықтыбай батырға арналған мемориалдық кешен**

## Баян ауылы

Мықтыбай батыр Ашамайлы Керей, Қантай табынан шыққан.

Баян ауылынан 3 Социалистік Еңбек Ері шыққан. 189 адам 2-нші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ерлердің жартысы соғыстан қайтпаған. Қазақ ССР-і ауылшаруашылық министрі Ә.Еламанов, КР Парламент Сенаты депутаты, Заң институтының ректоры Е.Нұрпейісов, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жауапты қызметкер, ҚР Қауіпсіздік комитеті бөлім меңгерушісі Қ.Мұқанбетқалиев, ҚРҚК жауапты қызметкерлері М.Тұралин, Б.Есмағамбетов, Социалистік Қазақстан газеті мешікті тілшісі Б.Жанымбетов, архитектор, ҚР қайраткері, философия докторы А,Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облыстық газеті редакторы орынбасарлары, М. Тұралин, М. Нұрмұқанов т.б. шыққан.

Қазақ атамыз: «тегіне қарай ұрпағы, түбіне қарай бұтағы»- деген. Бейбіт заманда Мықтыбай батыр жолын әрі қарай жалғастырып еңбекте үлкен табысқа жеткендер ішінде Социалистік Еңбек Ерлері Қ.Сұраганов, Есім Шайкин, ҚР құрметті спорт қайраткері Р.Калин, Солтүстік Қазақстан облысы классикалық күрестен жеңімпазы Қабдол Мұхамедқалиев бар.

Баян ауылы Мықтыбай көшесі № 20 үй тұрғыны Қабдол Ердәулетұлы-Қалыбек бабадан тараған Бекайдар, Бекше аталарының Мықтыбай ұрпақтарының ауылдағы қарашаңырағы иесі. Мықтыбай бауырлары Қуан және Қырғызбай. Қуан ата ұрпақтары -Калин Талас, Ильяс балалары Қызылжар, Астана қалаларында тұрып жатыр. Қырғызбай атадан тараған Қасен балалары Германияда, Қаражан, Мұрат бала-

лары Ресейде, елде.




2017 жылы Петропавл қаласы архивінен Мұқаметқалиев Қабдол облыс чемпионы болғанын дәлелдейтін құжаттар табылып, облыстық спорт комитеті Солтүстік Қазақстан облысы чемпионы жетоны мен Құрмет Грамотасын тапсырған. 2016 жылы 1 қазанда «Солтүстік Қазақстан» газетінде «Жалынды жастық» атты мақала жария етілген.

**Құрманғали Сұраганов.**

1966 жылы астақ өндіруді және дайындауды молайтуда қол жеткен табыстары үшін Баян ауылының құрметті азаматы Құрманғали Сұраганов Социалистік Еңбек Ері атағаны ие болып, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын медалімен марапатталды.



**Калин Рүстем Илиясұлы**

Мықтыбай бабасының ерлігін жалғастырған Рүстем Илиясұлы. Халықаралық дәре-

жедегі спорт шебері. 3 дүркін қол күрестен әлем чемпионы. Жоғарғы ұлттық категориядағы жаттықтырушы. Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері. « Ерен еңбегі үшін» медалі иегері.



1941-45 жылдары Баян ауылынан 2-нші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Баян ауылының боздақтарына қойылған ескерткіш

# БАЯН АУЫЛЫМ, САҒЫНЫШЫМ

Баян ауыл- туған жерім, сәнді өңір,
Тұнық ауа-жанға дауа- мәнді өңір,
Аққу-қазы сұңқылдаған көлі айдын,
Гүлі жайнап, құсы сайрар әнді өңір.
Ахау-ахау, ахау-ахау, Баян ауыл –туған жерім.
Қайырмасы: Елес болған балалығым.
Аңсарым боп алып ұштың
Алтын ұя, тал бесігім
Баян ауыл- сағынышым.
Ер Мықтыбай , батыр Балта, Шағырайдай,
Ел қорғаған ұлдарың бар тағы талай.
Ақ қайыңдар жайқалған терек пен тал
Алқабың құт, ырыс болған астығың мол.
Ахау-ахау, ахау-ахау, Баян ауыл- мақтанышым.

қайырмасы

Сағынамын туған жерім – ауылымды,
Сағынамын аға-іні бауырымды.
Қазынасы ақыл айтар ақсақал мен
Аман болсын деп тілеймін бар қауымды.
Ахау-ахау, ахау-ахау, туған жерім –сағынышым.

Сөзі, әні Нұрлан Ердәулетұлы 2013 жыл





**Әннің нотасы Ән авторы**

# МЫҚТЫБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР БАР КІТАПТАР

1930 жылғы ауыл тынысы-қазіргі Баян ауылының тарихы. Баян колхозы жері коллективтендіруге дейін Шағырай, Мықтыбай, Дүйсе, Жәдігер – төрт ауылдың жайлауы еді». Ауыл шығысында 1,5 шақырымда Мықтыбай қыстауы, Мықтыбай ауылы қорымы бар. 1928 жылдан Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында»

(“Ауылым аты–Баян”, Т.Сүгірбаев. 2008 жыл).







Мықтыбай батыр ұрыстарға белсене араласқан. Қызылжар шаһары жанында болған бір шайқаста Мықтыбай қалмақтың батырымен жекпе-жекке шығып, найзамен көтеріп алып, жардан өзенге лақтырайын дегенде қалмақ «өлтірмеші»

деп жалынған екен. Соғыста достары, туыстарынан айырылған, Мықтыбай кешірім беруден бас тартқан ".

("Тағзым". Н.Мұхаметқалиев. Алматы 2013 ж ).




921 жылы Мықтыбай Бажы, Балта, Байсал, Шалабай, Кент, Дүйсе ауылдары "Қосшы" одағына біріккен, кейін Баянауыл кеңшары орталыгы болған. Ауыл 17-18 гасырда өмір сүрген Қантай руы басшысы бәйбішесі-Баян атымен аталған".

Солтүстік Қазақстан облысы Энциклопедия 195 бет.

**Тараз қаласы Айша бұбі кесенесі.**
**Шарын шатқалы Біләл құдамен**





## Жуалы ауданы батырға ескерткіш



# МЫҚТЫБАЙ БАТЫРҒА АРНАЛҒАН АҚЫНДАР ӨЛЕҢДЕРІ

## Бабалар сертін құйған кесесіне

Ақтарсам тарихымның әр парағын,
Қуат ап, ерлігіңнен жай табамын.
Көрсеткен әрбір ісің өнеге кіл,
Ерлік пен батырлық тек байқағаным.
Сол батыр бабалардың жалғасымын,
Өр кеуде намысшылмын қандасымын,
Ту алып топты жарған Толағайға
Ел –жұртым өлеңдерін арнасын .
Мықтыбай Бегайдардай атам болған,
Жоңғарға, қалмағыңа қатал болған,
Абылай ханмен бірге жорық жасап,
Мен деген дойыр қалмақ , атанды алған.
Бүгінде ерлігің жүр ел есінде,
Атында ауылы бар, көшесі де,
Солтүстік менің алтын қазығым ғой,
Батырлар сертін құйған кесесіне.
Бұл маңда Баян, Сары ,Құлсары өткен
Ер Күлеке Төле бидің жиені өткен,
Жанай батыр, Жантай батыр, Есет батыр,

Ерлігі аңыз болған жұртқа көптен.
Шақшақ Жәнібек пен Қожаберген,
Толыбай ерлігімен о да өткен.
Абыз бен бабалардың құт мекені,
Даралантып келеді бұларды елден.
Ғасырдан ғасыр өтіп жалғасуда,
Күн мен Ай тыным таппай алмасуда.
Асқақтап ата-бабам ер рухы
Ұрпақтан ұрпақ бойы жалғасуда.

**Нұрбүбі Жапар**. 2009 жыл

## Найза ұшына жау мінгізген Мықтыбай

Ол заман берік заман ер сертіне
Жау тиді сойқан салып ел шетіне.
Қазақ үшін бір сынақ заман туды
Болмайтын жіберуге жауды еркіне.
Жау беті оңайлықпен тоқтамады.
Жолында талай ауыл тапталады.
Етуге жаудан азат қазақ жерін,
Майданға Мықтыбай да аттанады.
Жиналды ер азамат ойдан қырдан
Керей Уақ бірігіп жасақ құрған.
Ішінде көп бартырдың Мықтыбайды
Ер жүрек деп мақтайды көзі көрген.
Қалмақтың кеуде соққан сан батыры
Қолынан Мықтыбайдың болған қаза.
Жиырма тоғыз жасында жанын қиып,
Еліне сыйлап кеткен өмір гүлін.
Ту ұстап қан майданда көзге түскен,
Батырдың рухы биік, мерейі үстем.
Баласы Бекайдардың Мықтыбайдың

Ерлігін айтпақшымын кетпес естен.
Астында күрең төбел атыменен
Жекпе-жекке шығады жолын алып,
Қалмақтың бір алпауыт батырымен.
Қалмақты жалғыз қолмен көтереді,
Ұшына көк найзаның іліп алып.
Елге ұқсап өсіп-өнім алмайсың деп.
Қарамай қас жауының қарғысына
Найзасын өндіршектен салып алды.
Мықтыбай алған беттен тоқтамады,
Жаудың талай қонысын отқа орады.
Жықпаған намыс туын ер Мықтыбай,
Өзі де біршайқаста мерт болады.
Қалибек Нұхұлы Жұмақанов. Семей қаласы

## Мықтыбай батырды еске алғанда
(Анарбек Бердібаев )

Еркек кіндік құрбан болған қал жаман,
Жоңғар шапқан қанды майдан сол заман.
Атқа қонып, ары жанып жігерін,
Ерлер бастап елін жаудан қорғаған.
Сұстарынан сескеніп ел қорыққан,
Еділ, жоңғар қалмақтары жорытқан.
Ұлы Дала- қазақ жері- арманы,
Баса көктеп билемек боп соғысқан.
Бабалар мен батырларым бас болып,
Ел қорғауда жасамыс та жас болып,
Қарсы тұрды кеудеден жан шыққанша,
Талқандады талай шапқан қас қолын.
Баян бастап желбіреген байрағы,
Атқа қонды бар Қызылжар аймағы,

“Жекпе-жек” деп Есіл өзен бойында,
Атойлаған естен кетпес ойраны.
Сары батыр, Есет батыр, Күлеке,
Көшекұлы Шақшақ батыр, Итеке,
Жанай батыр, Жантай батыр, Мықтыбай,
Жорықтарда қол бастаған Толыбай.
Шықты талай жоңғарлармен шайқасқа,
“Жекпе-жек” деп талай батыр ойқастап.
Руы-Қантай Бекайдарұлы Мықтыбай,
Ол да шықты “жекпе-жекке” айқай сап.
Күшпен бірге еп те керек мұндайда,
Айласы мен амалы да шыңдайды,ә !
Жау батырын түйреп салды найзамен,
“Өлтірме” деп жалынғанды тыңдай ма !
Тағдыр, шіркін, тәлейіңді таңдайды,
Мықтыбайдың болашағы мың қайғы :
Сол жоңғардың өлерде айтқан қарғысы,
Жеті ұрпаққа жалғасып бір қалмайды.
Аңыз емес, оқиға – бұл сенгісіз.
Ұрпағы өспей қалған жағдай-көнгісіз.
Сол қарғыстың кесірі ме ? Кім білсін,
Мықтыбайдың өлімі де белгісіз.
Ер елінің шыққан емес есінен,
Замандардың қалған емес көшінен.
Ауыл, көше, қорым, қыстау атауы,
Аталады “Ер Мықтыбай” есіммен.
Сарбаз салты- түсірмесе сертке сыз,
Елін, жерін қорғамаса- ер тексіз.
Ер еленсе жер ауылға ат берген
Халқы сыйлап қойған өшпес ескерткіш.

## Қасиетіңнен айналайын, Мықтыбай ата !

Айналайын қазақ елім қан кешкен,
Жоңғарлардан елін, жерін қорғап жан кешкен.
Руы Қантай, Бекайдарұлы Мықтыбай
Қалмақтың басын кесіп жеріңді қазақ ал дескен.
Батырға біткен жауға шабар аты бар,
10 қалмақты екі қолмен көтерердей заты бар.
Ұрпағына осынау байтақ жерлерді
Тарту етіп қасиетті жазып кеткен хаты бар.
Жаратушы жапар ием өзгеше етіп жаратқан,
Алаштың батыр билерін бір өзіне қаратқан.
Ай бойы емес жыл бойы жүріп соғыста
Айбарымен Мықтыбай атын бүкіл әлемге таратқан.!!!
Құдірет берді іште жатқан атаға
Қазақтың ханы жүрегін толтырды батаға.
Алаштың туын, батырдың үнін көк аспанға.
Көтерген Мықтыбай ата үлгі болды
Өнеге болды басқа да батыр атаға.
Елімді жиды, жауларды тыйды, қазағымды қорғады.
Еш – жалаңаштың қарнын тойғызып қолдады.
Ер намысын, елдің намысын дұшпандарға таптатпай,
Қазақ елінде біз бақыттымыз, осындай ата болғаны !
Әруағыңнан айналдым, батыр Ата!
Артқа тарих қалдырған, Асыл Ата,
Найзасымен жаулардың жанын алған
Өзің басқан іздерің жатыр, Ата .
Алты алашқа танымал батыр Атам,
Құдіреттің бәріне Аллаға тән.
Түп тамыр тарихыңды біле жүріп,
Ізгі істерді келеді қолдап Отан,
Тәлім алсын арттағы ұлдарымыз.
"Мықтыбай" деп ұрандап алға шабар.

Ат өшірмес артында із тағымыз!!!
Атаның жаны жәннатта болсын !

Жібек Нүсіпжан, ақын, көріпкел, "Құртқа Тәуіп" атындағы Дәстүрлі Шығыс, Халық медицина дәрігерлері "Қоғамдық академиясы" мүшесі.

**Рухы төрде, атағы өрде Мықтыбай батырдың**

Ел-жұрт десе сай-сүйегі сырқырап,
Соның жоғын жоқтап жүрген шырқырап.
Жігіттер бар туған жерге түтігер,
Қазақ үшін ең бастысы- ынтымақ.
Жұмыр жерге келгеміз жоқ ғарыштан,
Несібеміз әрбір атқан жарық таң.
Ұрпақтары айтатұғын аңыз ғып,
Ұлы тұлға туады ұлы халықтан.
Қонақпыз ғой жүз жыл өмір сүргенмен,
Мерт қылады уақыт деген сұр мерген.
Өлгендерді еске алайық туғандар,
Өзімізді аулақ ұстап күйбеңнен.
О, жас өрен, дайынбысың күреске,
Шыдайсың ба тағдырыңмен тіреске.
Жамандықтың отап таста тамырын,
Ол –арам шөп, көктетпейді гүл өссе.
Еліміз –тұтас, жеріміз –бүтін,
Ынтымақ аппақ тілегім.
Аялап қолда бақыттың құсын,
Жасай бер менің ұлы елім.
Тірлік деген тамсантады шырын бал,
Бұл қуаныш ертең жоқ та, бүгін бар.
Тіршілікте сарқылмасын сыйластық,
Адам қонақ екендігін ұғыңдар.

Ей, заман, құпияңды ашасың ба,
Жүйіткіп ақбөкендей қашасың ба ?
Жақсылық қалмаса екен деп тілеймін,
Қайғы мен қасіреттің тасасында.
Әрбір адам өтеу керек борышын,
Қорғау керек туған елін, қонысын.
Азамат деп атау қиын оны шын,
Туған елге бере алмаса , қол үшін.

"Мың бір өлең" Нақысбеков Қырғызбай, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алматы қаласы

## Мықтыбай бабама

Алаштың дүр ардагері,
Айбыны зор арыстан шері.
Мәшүр батыр Мықтыбай,
Ұлт перзенті, елдің ері.
Бағыты оң тура ілгері,
Күндері ашық, тыныш түндері,
Есендікпен алшаңдасын,
Мақтанышы Баян ері.
Батырсың туған ел үшін,
Даладай дарқан тынысың,
Ардақтап елің сыйлаған,
Қантайдың дана ұлысың.

Шелек ауылы.
Мұхаметқалиев Олжас 7 ақпан 2021 жыл

# МЕРЗІМДІК БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР

Kyzylzhar_akparat @ mail.ru SOLTUSTIK
Tarih jane tanym 8 qyrkyiek 2020 jyl GAZAGSTAN

## Жықпаған намыс туын Ер Мықтыбай

Тарихи тұрғыдан ұлт үшін маңызы зор, мәні терең іс-әрекетке барған, аса жауапты сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін баға беріп, асқан ерлік көрсеткен азамат халбатыры атанған. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібектен бастау алған батырлық үрдісі өз жалғасын тауып ұрпақтан ұрпаққа тарады. Қазақ жерінің бір сүйемі де осы батырларының арқасында жаудың қолында кетпеді. Болашақ шаңырақ иесін қазақта «өскенде кім боласың?» деген сұрағына «Батыр болам!» деп жауап беруі заңдылыққа айналған. Қазақ халқы ел басына күн туғанда бірігіп қиыншылықтарды жеңіп, үш ғасыр өз мемлекеттігін, ұлан-ғайыр жеріне көз тіккен жаулардан өз ісінен елдікті, бірлікті жоғары қойған батырлар күшімен қорғап қалды. Талай жаугершілікті бастан кешіріп, ол шеті мен бұл шетіне құс

қанаты талатын казіргі кең байтақ құтты қоныс, ата мекенімізді батыр бабаларымыз бізге аманаттап қалдырды. Халық биікке көтерген, ардақтап, аттары аңыз батырлардың ішінде, Абылай ханның ақберендерінің есімдері айрықша жарқырап көрінеді. Өңірде ел қорғаған ерлерге ескерткіш қойған туралы мәліметтерді келтіру – бас игенім, құрметім.

Аққайың ауданы Аралағаш ауылы маңы Жансүгір батыр кесенесі ашылды. Айыртау ауданы Қоскөл ауылы зиратында Жәпек батыр рухына тағзым етіліп, ескерткіш қойылды. Петропавлда театр алаңында Қарасай ен Ағынтай батырларға, ордабасы Қожаберген жарауға ескерткіш тұрғызылды. Есіл ауданы Бұлақ ауылының оңтүстік беті, бес әулие жерленген "Әулие төбеде" Құлсары бабаға 1958 жылы құлпытас орнатып, темір қоршау жасалған.

Мықтыбай батыр атында Баян ауылында көше, қыстау, қорым бар. Меңдеке батырға ұрпағы Баталов 2007 жылы Сулы стансасынан 5 км жерде кесене салғызды. Сары мен Сүйір батырларға Тимирязев ауданында ас беріліп, үлкен кесене орнатылған жері: Докучаев ауылынан 5 шақырымдай жерде.

Сексен батырға Талпын ауылында, Сүйіндік батырға Орталық ауылында ескерткіш тас орнатылды. ал ақын туған жері «Шал ақын ауданы» аталып, ескерткіш қойылды.Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленгені – 121, құлпытастағы 41 тізімде Жәнібек, Құлеке, Жәпек аты жөндері келтірілген. Жамбыл ауданы Жекекөл ауылы батыс жағы 7 км жерде Қожаберген жырау, Сегіз сері, Толыбай сыншыға кесене тұрғызылған.

1763 жылы қазақ елі Гүлтөбе- Маманайда Қожаберген жырауға арнап ас береді. Асқа Абылай хан,

Бөгенбай, Қабанбай батырлар, Бұхар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Көтеш жыраулар қатысады. Жанкісі жырау аста бабаға жоқтау жыр шығарған. (С.Жұмабаев. Ұлылар туған өлкеде 2006 ж).

Алматы облысынан ақын Нұрбүбі Жапар «Бабалар сертін құйған кесесіне» өлеңінде (қысқартылған):

«Мықтыбай Бегайдардай ерім болған,
Жоңғарға, қалмағыңа қатал болған,
Абылай ханмен бірге жорық жасап,
Мен деген дойыр қалмақ, атанды алған.
Бүгінде ерлігің жүр ел есінде,
Атында ауылы бар, көшесі де.
Солтүстік менің алтын қазығым ғой,
Батырлар сертін құйған кесесіне.
Бұл маңда Баян, Сары, Құлсары өткен
Ер Күлеке Төле бидің жиені өткен,
Жанай батыр, Жантай батыр, Есет батыр,
Ерлігі аңыз болған жұртқа көптен.
Шақшақ Жәнібек пен Қожаберген,
Толыбай ерлігімен о да өткен.
Асқақтап ата-бабам ер рухы
Ұрпақтан ұрпақ бойы жалғасуда» –

деп жырға қосқан еді.

Жас ұрпақты рухани тәрбие мен қайсарлыққа баулуда батыр бабаларымыздың ерлігі мен өрлігін үлгі етуден асқан құрал жоқ. Олардың өмір жолдары тарих беттерінде кейінгіге өлмес өнеге болып өріліп жатыр. Ел тарихында отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресті, жер тұтастығы мен ел азаттығы үшін күресті де ұйымдастырып, басшылық жасады. Сондай тарихи тұлғаның бірі – Мықтыбай батыр 1720 жылы қазіргі Баян ауылы қонысында туған, Қарағанды облысы Нұра өзені бойында соғыста қайтыс болған.

Солтүстік Қазақстан облысы энциклопедиясында 195 бетте: "1929 жылы Мықтыбай, Бажы, Балта, Байсал, Шалабай, Кент, Дүйсе ауылдары "Қосшы" одағына, кейіннен Баян ұжымшарына, "Баянауыл" кеңшарының орталығы болған". Шежіреге жүгінсек: Керей... Ашамайлы..Тарышы...Аксары...Нұралы ... Өтеген... Қантай – Қалыбек – Қожағұл... Мықтыбай.

Батыр әскери жорықтарда жеке ерліктермен көзге түскен ер жүрек адамдарға берілетін құрметті атақ. Жеке адамға тән патриоттық қасиет. Мақсат – мұраты- –халқын басқыншы жаудан қорғау. Елін, жерін сүйген халыққа қамқоршы, өз үйіне, руына деген сүйіспеншілікті айқындайды. Жеке басының, оның ерлігін, қасиетін, бір рудан үздік дараланып шығуын көрсетеді.

18 ғасыр ортасында Қызылжар маңында жоңғарлармен 2 рет Қожаберген, Толыбай басшылық жасаған соғыста қалмақтар жеңіліс тапқан. Есіл бойында бір соғыста Мықтыбай батырмен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына ілінгенде, жалынып өлтірмеуін өтінеді, байлығын ұсынады. Мықтыбай: "қазақ жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздерінде"- деген". Едгонжұқ қалмақ: "Жеті ұрпағыңның соңынан қалмаспын" – деген екен. 13 жыл соғысқа қатысқан, отбасын құрмаған, Орталық Қазақстанда қаза болған. Қалмақтың сандырағы келіп, жастай мерт болып, туған жердің топырағы бұйырмай, туысқан ұрпақтарының да көп жылдар жолы болмаған екен. Бүгінде 9 ұрпақтан асқан Қожағұл балаларынан әр ұрпақтан бір-екі ұлдан ұрпақ болмай, ауруға шалдығып, " қалмақтың сәуегей батыры қалмай келе жатыр" деген көне көз қариялар.

Ұраны "алаш" болған Мықтыбай жоңғар қалмақтарымен соғыстарда ерлігін ауыл ақсақалдары аңызға айналдырып айтып жүретін. Батырдың

«Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім,
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке
Найзамен жау өкпесін тескен едім.
Қаймығып қалмақтардан кем қалам ба? » –

деген өлең жолдарын Баян ауылы тұрғыны Қабдол Ердәулетұлы айтып отырушы еді.

"1930-40 жылдар ауыл тынысы қазіргі Баян ауылының тарихы сонау 20 жылдан басталады. Баян колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер аталатын 4 ауылдың жайлауы еді. Қазақтар туыстық жағынан ауылға бөлініп, қыс болса, кіндік кескен жерім, ата мекенім деп әр ағаштың бауырын қыстаса, жаз шыға жайлауға көшетін. ("Ауылым аты – Баян" Таңат Айтмұқашұлы).

Жамбыл ауданында Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы, зират бар. 1928 жылдан Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында. Ауыл 17-18 ғасырларда өмір сүрген Қантай руы басшысы бәйбішесі – Баян атымен аталған. Қыстауы Маса көлінің жағасында орналасқан.19 ғасырда Мықтыбай батырдың немере туысқаны Бекайдар ұлының бірінің атын Мықтыбай қойған екен. Бірақ одан еркек кіндік ұрпақ қалмаған. Батырдың өлімі туралы туысқандары 13 жылдан

кейін хабар алған. Семейлік Қалибек Нұхұлы «Найза ұшына жау мінгізген Мықтыбай» атты өлеңінде

Етуге жаудан азат қазақ жерін,
Майданға Мықтыбай да аттанады.
Қалмақты жалғыз қолмен көтереді,
Үшына көк найзаның іліп алып.
Қалмақты жардан төмен лақтырды.
Жықпаған намыс туын ер Мықтыбай,
Өзі де бір шайқаста мерт болады» –

деп жырға қосқан.

1902 жылы Дала губернаторы Н.Сухотиннен Мықтыбай ата қыстауына құжат алған Жайлыбай бабамыз Мықтыбайдың Сары, Жабай батырлармен кезінде үзенгілес болғанын естіген екен.

Қазақтың намысы үшін басын тіккен
Шайқалып кетпесін деп керегесі.
Аңсаған азаттықты халық үшін
Қалғанша қасық қаны жері үшін.
Соғысып Ертіс , Есіл өзенінде
Қызылжар, Баянауыл маңайында.

(Шумақтарды қағазға түсірген Қабдол Ердәулетұлы).

Алматылық журналист Анарбек Бердібаев «Мықтыбай батырды еске алғанда» арнау шағын поэмасында:

"Жекпе-жек" деп талай батыр ойқастап.
Руы-Қантай Бекайдарұлы Мықтыбай,
Ол да шықты "жекпе-жекке" айқай сап.
Жау батырын түйреп салды найзамен.
Ер елінің шыққан емес есінен,
Замандардың қалған емес көшінен.

Ауыл, көше, қорым, қыстау атауы,
Аталады "Ер Мықтыбай" есіммен »-

деп келтірген.

Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет.Білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған басты игілік. Олардың қаны тамған киелі жеріміздің қойнауындағы бар байлығымыз – бізге аманат тапсырған қазынасын көздің қарашығындай қадіріне жетіп, сақтай білуіміз парыз.

2019 жыл 9 желтоқсан «Егемен Қазақстан» газетінде: Батыр – бәріне ортақ байтақ қазақ жерін қорғаған. Ел басына күн туғанда алты Алаштың баласы осылай тізе қоспаса, мына өлке ұрпаққа мұра болып қалар ма еді?! Бабалардың ірілігі, намыстылығы, бауырмалдығы бүгінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Бөлінбей Қазақстан деген бір тілеумен өмір сүретін кезең қайта басталды. Бұл – елдігіміздің белгісі. Батыр Баян бейіті Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында. Батыр Баян серіктесі теріскейлік Мықтыбай Бекайдарұлы да осы жерде қоныс тапқан. Жақсыны ардақтау, оған қарап бой түзеу, кісілік қалыптастыру – дәстүр талабы»- деп жазған Н. Ердәулетұлы.

Мықтыбай жайлы ҚР ҒА тарих және этнография институтында және Орталық кітапхана қолжазба қорында Ж.Әлібаев, Н. Бегалинов Н, Ш.Есмағамбетов, С.Жұмадиев, т.б. алынған мәліметтер, «Тағзым» кітабы Н.Мұхаметқалиев, «Президент және халық», «Қазақ елі» 2015 ж. «Қазақстан заман» (11.08.2016), Алматы облысы газеті «Жетісу», «Қызылжар нұры»

газетінде жарық көрген. Батырды заманы тудырады. Батырдан батырдың ерекшелігі жоқ, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмеген, сатып ала алмайсың, әрбір адам жеке басы ерлігімен ие болады. Мықтыбай батыр туғанына 300 жыл толады, артында қалған тікелей ұрпақ болмаған соң, оның ерліктері мен еңбегі уақытылы дұрыс бағаланбай келгені өкінішті.

Құсайынов Серікбай, күйші Қызылжар қаласы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы «Ауыл арайы» газеті №37 (1720) 04.09.2020ж

## Мықтыбай батырға 300 жыл

Қазақ тарихының әр кезеңдерінде тарихи оқиғаларға араласқан, асқан ерлік көрсеткен халық батыры атанған. Жас ұрпақты рухани тәрбие мен қайсарлыққа баулуда олардың ерлігі мен өрлігін үлгі етуден асқан құрал жоқ. Олардың өмір жолдары тарих бетінде өнеге болып өрілген. Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске, жер тұтастығы мен ел азаттығы үшін күреске белсене араласқан батырларын халқы ұмытпаған. Жекекөл ауылы батыс жағында ағаш қойнауында Қожаберген жырау, Сегіз сері, Толыбай сыншыға кесене тұрғызылған. Талпын ауылында Сексен батырға, Сүйіндік батырға Орталық жанында ескерткіш орнатылған. 1763 жылы қазақ елі Гүтөбе- Маманайда Қожаберген жырауға арнап ас береді. Асқа Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай батыр-

лар, Бұхар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Көтеш жыраулар қатысады. Жанкісі жырау осы аста Қожаберген бабасына арнап жоқтау жыр шығарған. (С.Жұмабаев. Ұлылар туған өлкеде ). Халық ардақтап, аты аңызға айналған батырдың бірі – Мықтыбай батыр. Мықтыбай 1720 жылы қазіргі Баян ауылы қонысында туған.

18 ғасыр ортасында Қызылжар маңында жоңғарлармен екі рет Қожаберген, Толыбай басшылық жасаған соғыста қалмақтар жеңіліс тапты. Есіл бойында соғыста Мықтыбай қалмақ батырымен жекпе-жекте жеңіп, найзаның ұшына іліп өзенге лақтырып жібереді. 13 жыл соғысқа қатысқан, Мықтыбай отбасын құрмаған, Орталық Қазақстанда, Нұра өзені бойында 29 жасында соғыста қаза болған.

Ұраны "алаш" Мықтыбай жоңғар қалмақтарымен соғыстарда талай ерлігімен көзге түскен. Мықтыбай батырдың

«Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім,
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке
Найзамен жау өкпесін тескен едім»

өлең жолдарын Баян ауылы тұрғыны қария Қабдол Ердәулетұлы айтып отырушы еді. Ауыл ақсақалдары Мықтыбай ерліктерін аңызға айналдырып әңгіме өрбітетін.

А. Бердібаев, Н. Жапар, Қ. Нақысбеков, Қ.Жұмаханов, Ж. Нүсіпжан сынды ақындар Мықтыбай батырға

өз өлеңдерін арнаса, ҚР ҒА тарих және этнография институтында және Орталық кітапханасының қолжазбалар қорында, Ш.Есмағамбетов, Ж.Жұмабеков, С.Жұмадиев, Н. Бегалин айтқан мәліметтер сақталған. Алматы облысынан ақын Нұрбүбі Жапар «Бабалар сертін құйған кесесіне» өлеңінде: «Мықтыбай Бегайдардай ерім болған,

Жоңғарға, қалмағыңа қатал болған,
Абылай ханмен бірге жорық жасап,
Мен деген дойыр қалмақ , атанды алған.
Бүгінде ерлігің жүр ел есінде,
Атында ауылы бар, көшесі де,
Шақшақ Жәнібек пен Қожаберген,
Толыбай ерлігімен о да өткен.
Асқақтап ата-бабам ер рухы
Ұрпақтан ұрпақ бойы жалғасуда» –

деп жырға қосқан еді.

Жамбыл ауданында Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы, батыс бетінде Мықтыбай ауылы зираты бар. 1928 жылдан бері Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында.

Мықтыбай батырдың сауыты сақталған еді. Ол ұсақ темір шығыршықтардан бір-біріне өткізіп тоқылған тордан, қысқа жеңді жейде түрінде жасалған. Ақсауыт жағасы бар, жеңі жоқ, қос қабатты салмағы 24 кг. болған.

Семейлік Қалибек Нұхұлы «Найза ұшына жау мінгізген Мықтыбай» атты өлеңінде: Етуге жаудан азат қазақ жерін,

Майданға Мықтыбай да аттанады.
Астында күрең төбел атыменен

Жекпе-жекке шығады жолын алып,
Қалмақтың бір алпауыт батырымен.
Қалмақты жалғыз қолмен көтереді,
Ұшына көк найзаның іліп алып.
Қарамай қас жауының қарғысына
Найзасын өндіршектен салып алды.
Зардабын сұм қарғыстың сезе тұра,
Ел тағдырын жоғары бағалады.
Қалмақты жардан төмен лақтырды.
Мықтыбай алған беттен тоқтамады,
Жаудың талай қонысын отқа орады.
Қалмақтың кеуде соққан сан батыры
Қолынан Мықтыбайдың болған қаза.
Жиырма тоғыз жасында жанын қиып,
Еліне сыйлап кеткен өмір гүлін.
Жықпаған намыс туын ер Мықтыбай,
Өзі де бір шайқаста мерт болады» ө

деп жырға қосқан.

1902 жылы Дала губернаторы Н.Сухотиннен Мықтыбай батыр туысқаны Жайлыбай атамыз ата мекені –Мықтыбай қыстауына құжат алғаны белгілі.

Бабамыз Мықтыбайдың Сары, Жабай батырлармен үзенгілес болғанын естіген екен. Қазақтың намысы үшін басын тіккен

Шайқалып кетпесін деп керегесі.
Аңсаған азаттықты халық үшін
Қалғанша қасық қаны жері үшін.
Соғысып Ертіс, Есіл, Нұра өзенінде
Қызылжар, Баянауыл маңайында.
Жауменен жағаласып айқасып,
Мықтыбай қамқоршы еді өз еліне.

(шумақтарды қағазға түсірген Қабдол Ердәулетұлы ).

Алматылық журналист А.Бердібаев «Мықтыбай батырды еске алғанда» поэмасында: «Баян бастап желбіреген байрағы,

Атқа қонды бар Қызылжар аймағы,
"Жекпе-жек" деп Есіл өзен бойында,
Атойлаған естен кетпес ойраны.
Сары батыр, Есет батыр, Күлеке,
Көшекұлы Шақшақ батыр, Итеке,
Жанай батыр, Жантай батыр, Мықтыбай,
Жорықтарда қол бастаған Толыбай.
Шықты талай жоңғарлармен шайқасқа,
"Жекпе-жек" деп талай батыр ойқастап.
Руы-Қантай Бекайдарұлы Мықтыбай,
Ол да шықты "жекпе-жекке" айқай сап.
Жау батырын түйреп салды найзамен.
"Өлтірме" деп жалынғанды тыңдай ма !
Ер елінің шыққан емес есінен,
Замандардың қалған емес көшінен.
Ауыл, көше, қорым, қыстау атауы,
Аталады "Ер Мықтыбай" есіммен» –

деп келтірген еді.

2019 жыл 9 желтоқсанда «Батыр – бәріне ортақ байтақ қазақ жерін қорғаған. Бабалардың ірілігі, намыстылығы, бауырмалдығы бүгінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Бұл – елдігіміздің белгісі. Жырақта жатқан бабасына белгі орнату батыр бар қазаққа ортақ екенін білдіреді және қазақ жерінің біртұтас екенін дәлелдейді. Батыр Баян бейіті Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Шекелек зиратында. Баян Қасаболатұлы серіктесі теріскейлік Мықтыбай Бекайдарұлы да осы жерде мәңгілік қоныс тапқан. Жақсыны ардақтау, оған қарап бой түзеу, кісілік қалыптастыру – күн тәртібінен түспейтін дәстүр талабы» – деп көр-

сетілген «Егемен Қазақстан» газетінде.

Мықтыбай батыр туғанына 300 жыл толады. Туған жерді қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел ынтымағы идеясы-бізге жеткен барлық тарихи мұралардың алтын арқауы.

**Қамар Ердәулетқызы, ардагер ұстаз,**
**Жекекөл ауылы**

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы
«Парыз» газеті № 18 18 қыркүйек 2020 жыл.

## Ұрпақтары ұлықтаған Мықтыбай батыр.

Ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары ел тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Осы ұлттық тұлға тұғырына көтеріліп, аты аңызға айналған батырлар бірі туғанына 300 жыл толып отырған Мықтыбай батыр. Мықтыбай 1720 жылы Жамбыл ауданы Баян ауылы қонысында туған.

Мұрағат мәліметтеріне қарасақ, бұрынғы патша заманының өзінде 1893 жылы Баян қауымдастығы Керей руының Қантайынан тараған ұрпақтарының қоныстарынан құрылыпты. Қауымдастыққа 9 ауыл қарапты, олар: Әжімбай, Бәжі, Кент, Байсал, Дүйсе, Мықтыбай, Жәдігер, Балта, Барақ, Шағырай ауылдары. 1929 жылы Қосшы одағы, одан Баян ұжымы, кейін Баянауыл кеңшарының орталығы болды. Баян ауылы 18-нші ғасырда өмір сүрген Қантайдың бәйбішесі Баян атымен аталған. Тегіннен тегін жер, су, ауыл, қоныс, көшеге адамның аты берілмеген. Соның айғағы: Баян

ауылындағы Мықтыбай көшесі, Мықтыбай қыстауы, қорымы. Колхоз кезінде ерен еңбек, ұйымдастыру қабілетімен есте қалған ата, ана, ауылдастарымыз көп.

Солардың ішінде Мықтыбай батырдың бауыры –Қуанның нересі Қали атамыз 96 жыл өмір сүрген. Ауыз әдебиетін жетік меңгерген ел шежіресін баласы Исабайға жаздырып, өшпес із қалдырды. Қалы атамыз Мықтыбай батырдың кім екенін,игі істерімен танымал адамдарды елге айтып жеткізген елдің ұйтқысы болған. Қалы ата немересі Ильяс Исабайұлы еркін күрестен спорт шебері кандидаты, ССРО студенттер спартакиадасы жүлдегері, бірнеше дүркін шахматтан өңір, Нұр-Сұлтан қаласы чемпионы. 13 жасында кеңшарда шөп тасуға қатысып,бір шөмеле шөпті жалғыз өзі көтеріп машинаға арта беретін. Өлең айтып, домбырада, мандолинде, баянда ойнайтын. Ильястың ұлы- Рүстем халықаралық спорт шебері, үш дүркін күш құрылымдары арасындағы әлемдік қол сайыс чемпионы,жоғары ұлттық категориялық жаттықтырушысы, Қазақстанның спорттан құрметті қайраткері.

Қара күш, ұйымдастыру қабілеті мол – Үмітбаев Қажымұрат. Қажекең егін соғатын «көк барабан» деп аталып кеткен агрегаттың құлағын жалғыз өзі айналдырып, тоқтаусыз жүргізіпті. Қажекең Москваға көрмеге жіберіліп, кейін МТС-қа, колхозға басқарма болды. Ұлы Манабай елге белгілі азамат.

«Колхоздың қара өгізі» атанған, палуан Сүгірбайұлы Айтмұқан қара күштің диюы, қандай қайқайтып, пілдей өгіздердің ыңыранып тартып әкелген шөбін сабының жуандығы сырғауылдай үш салалы ағаш айырмен үш-ақ көтеріп, мая төбесіне ырғытып

жібереді екен. Ұлы Таңат өлкемізге танымал, қазіргі «Асыл мұра» шығармашылық орталығының жетекшісі.

1966 жылы астық өндіруді және дайындауды молайтуға қол жеткізген табыстары үшін Құрманғали Сұрағановқа Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орақ балға» алтын медалімен марапатталды. «Осы биікке, мынадай құрметке жеткізіп, ер атандырған, әкесі Сұраганның есімін алтын әріппен Кремль кітабына жаздырған күш- Құрманғалидың еңбекке, тындырған ісіне адалдығында болатын»- деп еді ел басқарған, ауыл ағасы болған, қадірлі қарт Уақпан Тажин. Ол кезде Баян ауылы Сергеев ауданы Приишим кеңшарының бөлімшесі болатын.

Аталған адамдардың барлығы -Мықтыбай баба ұрпақтары. Оның ерліктерінен өнеге алып, батырлығын мақтан еткен. Көнекөз қариялардың айтуынша, ол денелі, қара күш иесі, палуан, ат құлағында ойнаған, сөзге шешен, өлең шығарып, халық әндерін нақышына келтіріп айтқан. Мінезі тік, бір беткей, үлкендермен ел аралап, жер көруге өте құмар болған. 16 жасында атақты адамдарға еріп, әскери жаттығуларға қатысып, ат үстінен адамды аударып тастау, шоқпар, найзамен қарсыласына шабуыл жасау, қылыш сермеп, садақпен жамбы атуда ерекше болған. Мықтыбай батырдың сауыты сақталған еді. Ол ұсақ темір шығыршықтардан бір-біріне өткізіп тоқылған тордан, қысқа жеңді жейде түрінде жасалған. Ақсауыт жағасы бар, жеңі жоқ, қос қабатты салмағы 24 кг. болған.

Ауыл ақсақалдары Мықтыбайдың ерліктерін аңызға айналдырып айтып жүретін еді. Ұраны "Алаш" болған Мықтыбай жоңғар қалмақтарымен соғыстарда біргеше рет ерлігімен көзге түскен. Есіл бойында

бір соғыста 19 жасар Мықтыбай қалмақтың Едгонжук батырымен жекпе-жекке шығып, оны найзамен көтеріп алып, қызыл жардан өзенге лақтырайын дегенде қалмақ босатуды, өлтірмеуді сұрап жалынған екен. Кешірім беруден бас тартқан Мықтыбайға қалмақ батыры : "Мені өлтірсең, сенің жеті ұрпағыңа дейін соңыңнан қалмаспын"- деген екен. Елін, жерін жаудан қорғаған батыр құрметіне Алматы облысынан Нұрбүбі Жапар ақын «Бабалар сертін құйған кесесіне» атты өлеңінде:

«Ақтарсам тарихымның әр парағын,
Қуат ап, ерлігіңнен жай табамын.
Мықтыбай Бегайдардай атам болған,
Жоңғарға, қалмағыңа қатал болған,
Абылай ханмен бірге жорық жасап,
Мен деген дойыр қалмақ , атанды алған.
Бүгінде ерлігің жүр ел есінде,
Атында ауылы бар, көшесі де,
Солтүстік менің алтын қазығым ғой,
Батырлар сертін құйған кесесіне.
Абыз бен бабалардың құт мекені,
Даралантып келеді бұларды елден» –

деп жырға қосқан.

Мықтыбай батыр көп жылдар соғысқа араласып, Қарағанды облысы Нұра өзені бойында 29 жаста қаза болған. Бүгінде 9 ұрпақтан асқан Мықтыбай туыстарының балаларынан әр ұрпақтан бір-екі ұлдан ұрпақ болмай, не ауруға шалдығып, "қалмақтың сәуегей батыры соңынан қалмай келе жатыр" дейді ауылдастары. Мықтыбайдың:

«Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.

Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім,
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке
Найзамен жау өкпесін тескен едім.
Көпшілік қорқыныштың қажеті жоқ,
Жан құрбан сіздер үшін түстік жолға.
Суық қол сұғынып тұр кең даламда
Қаймығып қалмақтардан кем қалам ба? » –

деген өлеңдерінен үзінділі ауыл ақсақалдары айтып отырушы еді.

Мықтыбай есімін елі ұмытпаған. “1930-40 жылдардағы ауыл тынысы қазіргі Баян ауылының тарихы 20 жылдардан басталады. Баян колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер аталатын төрт ауылдың жайлауы еді. Қазақтар туыстық жағынан ауылға бөлініп, қыс болса, кіндік кескен жерім, ата мекенім деп әр ағаштың бауырын қыстаса, жаз шыға жайлауға көшетін. (“Ауылым аты – Баян” Т.А.)”.

Белгілі журналист, ақын Анарбек Бердібаев «Мықтыбай батырды еске алғанда» деген шағын поэмасында:

«Баян бастап желбіреген байрағы,
Атқа қонды бар Қызылжар аймағы,
“Жекпе-жек” деп Есіл өзен бойында,
Атойлаған естен кетпес ойраны.
Сары батыр, Есет батыр, Күлеке,
Көшекұлы Шақшақ батыр, Итеке,
Жанай батыр, Жантай батыр, Мықтыбай,
Жорықтарда қол бастаған Толыбай.

Шықты талай жоңғарлармен шайқасқа,
"Жекпе-жек" деп талай батыр ойқастап.
Руы-Қантай Бекайдарұлы Мықтыбай,
Ол да шықты "жекпе-жекке" айқай сап.
Жау батырын түйреп салды найзамен,
"Өлтірме" деп жалынғанды тыңдай ма !
Замандардың қалған емес көшінен.
Ауыл, көше, қорым, қыстау атауы,
Аталады "Ер Мықтыбай" есіммен» –

деп жырға қосқан.

Жамбыл ауданында Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы, батыс бетінде Мықтыбай ауылы зираты бар. 1928 жылдан бері Баян ауылының Мықтыбай көшесі № 20 үйде аталас –туысқаны Қабдол Ердәулетұлы тұрған. Ауыл 17-18 ғасырларда өмір сүрген Қантай руы басшысы бәйбішесі-Баян атымен аталған. Қыстауы Маса көлі жағасында орналасқан.

Мықтыбай Ер Қантайдың немересі,
Болған ол ауылының мақтанышы.
Қазақтың намысы үшін басын тіккен
Шайқалып кетпесін деп керегесі.
Қаптаған қалың жауға қарсы шыққан
Қу жанын шүберекке түйіп мықтап.
Соғысып Ертіс, Есіл, Нұра өзенінде
Қызылжар, Баянауыл маңайында.
Жауменен жағаласып айқасып,
Батырлар қамқоршы еді өз еліне.

(қағазға түсірген Қабдол Ердәулетұлы).

Батыр мұраты–халқын басқыншы жаудан қорғау. Батыр халыққа қамқоршы, өз ауылына, өз руына

деген сүйіспеншілікті айқындайды. Жеке басының, оның ерлігін, ерекше қасиеттерін, бір рудан үздік дараланып шығуын көрсетеді. Семей қаласынан Қалибек Нұхұлы «Найза ұшына жау мінгізген Мықтыбай» өлеңінде:

«Етуге жаудан азат қазақ жерін,
Майданға Мықтыбай да аттанады.
Ту ұстап қан майданда көзге түскен,
Батырдың рухы биік, мерейі үстем.
Шайқаста талай жаудың көзін жойған,
Ел мұратын жанынан биік қойған.
Ашамайлы Керейден шыққан батыр
Бірер сөз таратайын Мықтыбайдан.
Қалмақты жалғыз қолмен көтереді,
Ұшына көк найзаның іліп алып.
Қалмақты жардан төмен лақтырды.
Мықтыбай алған беттен тоқтамады,
Жаудың талай қонысын отқа орады.
Жықпаған намыс туын ер Мықтыбай,
Өзі де бір шайқаста мерт болады» –

батырдың қалмақтың батыры Едгонжукпен жекпе-жекте ерлігін баяндайды.

Бүгінде Мықтыбай батыр Бекайдарұлы туылғанына 300 жыл. Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет. Олардың ел тағдырындағы тарихи орны, тереңнен тамыр тартқан туған жер идеясы- туған жерді қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел ынтымағы идеясы-бізге жеткен барлық тарихи мұралардың алтын арқауы.

Хамит Найманов, еңбек ардагері, Сергеевка қаласы

**Жықпаған намыс туын ер**
**Мықтыбай әлі есімде.**

Тарихи тұрғыдан ұлт үшін маңызы зор, мәні терең іс-әрекетке барған, аса жауапты сәттерде халық тағдырында айрықша орын алған адамға халықтың өзі ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін баға беріп, асқан ерлік көрсеткен азамат халық батыры атанған. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібектен бастау алған батырлық үрдіс өз жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа тарады. Қазақ жерінің бір сүйемі де осындай батырлардың арқасында жаудың қолында кетпеді. Болашақ шаңырақ иесінен "Өскенде кім боласың?" – деп сұрағанда, "Батыр болам!" – деп жауап беруі заңдылыққа айналған. Қазақ халқы ел басына күн туғанда бірігіп, қиыншылықтарды жеңіп, үш ғасыр өз мемлекеттігін, ұлан-ғайыр жерін көз тіккен жаулардан өз ісінен елдікті, бірлікті жоғары қойған батырлар күшімен қорғап қалды. Талай жаугершілікті бастан кешіріп, ол шеті мен бұл шетіне құс қанаты талатын казіргі кең-байтақ құтты қоныс, атамекенімізді бізге аманаттап қалдырды. Халық биікке көтерген, аттары аңызға айналған батырлардың ішінде Абылай ханның ақберендерінің есімдері айрықша жарқырап көрінеді. Өңірде ел қорғаған ерлерге ескерткіш қойып, ерліктерін ел есінде жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Аққайың ауданы Аралағаш ауылының маңында Жансүгір батыр кесенесі ашылды. Айыртау ауданы Қоскөл ауылы зиратында Жәпек батыр рухына тағзым етіліп, ескерткіш қойылды. Петропавлда Қарасай мен Ағынтай батырларға, ордабасы Қожаберген жырауға ескерткіш тұрғызылды. Есіл ауданы Бұлақ ауылының оңтүстік беті, бес әулие жерленген "Әулие тө-

беде" Құлсары бабаға құлпытас орнатылып, кесене салынды. Меңдеке батырға ұрпағы 2007 жылы Сулы стансасынан 5 шақырым жерде кесене салғызды. Сары мен Сүйір батырларға Тимирязев ауданында ас беріліп, Докучаев ауылынан 5 шақырымдай жерде үлкен кесене орнатылған. Сексен батырға – Талпын ауылында, Сүйіндік батырға Орталық ауылында ескерткіш тас қойылды. Жас ұрпақты рухани тәрбие мен қайсарлыққа баулуда батыр бабаларымыздың ерлігі мен өрлігін үлгі етуден асқан ғанибет жоқ. Олардың өмір жолдары тарих беттерінде кейінгіге өлмес өнеге болыпөріліпжатыр.Оларелтарихындаотаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресті, жер тұтастығы мен ел азаттығы үшін күресті де ұйымдастырып, басшылық жасады. Сондай тарихи тұлғаның бірі – Мықтыбай батыр 1720 жылы қазіргі Жамбыл ауданы Баян ауылы қонысында туған, Қарағанды облысы Нұра өзені бойында соғыста мерт болған. Шежіреге жүгінсек: Керей – Ашамайлы – Тарышы – Ақсары – Нұралы – Өтеген – Қантай – Қалыбек – Қожағұл – Мықтыбай деп жалғасады. XVIII ғасыр ортасында Қызылжар маңында Қожаберген батырдың сарбаз- дары жоңғар жасақтарына екі рет есеңгірете соққы берген. Есіл бойындағы бір соғыста Мықтыбай батырмен жекпе-жекте қалмақ батыры жеңіліп, найзаның ұшына ілінерде жалынып, өлтірмеуін өтінеді, байлығын ұсынады. Сонда Мықтыбай: "Қазақ жаугершілік жасаған жоқ, кінә өздеріңде", – деп өлтіріп тастапты. Сонда қалмақ: "Жеті ұрпағыңның соңынан қалмаспын", – деп қарғаған екен. Батыр 13 жыл соғысқа қатысқан, отбасын құрмаған. Нұра өзені бойында қаза болған. Қалмақтың сандырағы келіп, жастай мерт болып, туған жердің топырағы бұйырмай, туысқан

ұрпақтарының да көп жылдар жолы болмаған екен. Бүгінде 9 ұрпақтан асқан Қожағұл балаларынан бір-екі ұлынан ұрпақ болмай, ауруға шалдығып, өліп отырған. Мұны "қалмақтың сәуегей батыры қалмай келе жатыр" дейді жұрт. Мықтыбайдың қалмақтарен соғыстағы ерлігін ауыл ақсақалдары аңызға айналдырып айтып жүретін. "Майданда алдаспанға ерік беріп, Дұшпанның азын-көбін тексермедім. Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп, Жорыққа сан аттандым сескенбедім. Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім, Сынаққа қамал бұзып түскен едім, Көп шығып қан майданда жекпе-жекке Найзамен жау өкпесін тескен едім. Қаймығып қалмақтардан кем қалам ба?" – деген өлең жолдарын "Баян" ауылының тұрғыны Қабдол Ердәулетұлы айтып отырушы еді. Баян колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер аталатын 4 ауылдың жайлауы еді. Қазақтар туыстық жағынан ауылға бөлініп, қыс болса кіндік кескен жерім, атамекенім деп әр ағаштың бауырын қыстаса, жаз шыға жайлауға көшетін. Баян ауылынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Мықтыбай қыстауы болған, зират бар. 1928 жылдан бастап Баян ауылының бір көшесі Мықтыбай батыр атында. Батырдың қыстауы Маса көлінің жағасында орналасқан екен. Оның өлімі туралы туысқандары 13 жылдан кейін хабар алған. Семейлік Қалибек Нұхұлы "Найза ұшына жау мінгізген Мықтыбай" атты өлеңінде: "Етуге жаудан азат қазақ жерін, Майданға Мықтыбай да аттанады. Астында күрең төбел атыменен Жекпе-жекке шығады жолын алып. Қалмақтың бір алпауыт батырымен, Қалмақты жалғыз қолмен көтереді. Ұшына көк найзаның іліп алып, Қарамай қас жауының қарғысына Найзасын

өндіршектен салып алды. Зардабын сұм қарғыстың сезе тұра, Ел тағдырын жоғары бағалады. Қалмақты жардан төмен лақтырады, Мықтыбай алған беттен тоқтамады. Жаудың талай қонысын отқа орады, Қалмақтың кеуде соққан сан батыры Қолынан Мықтыбайдың болған қаза. Жиырма тоғыз жасында жанын қиып, Еліне сыйлап кеткен өмір гүлін. Жықпаған намыс туын ер Мықтыбай, Өзі де бір шайқаста мерт болады", – деп жырға қосқан. 1902 жылы Дала губернаторы Н.Сухотиннен Мықтыбай ата қыстауына құжат алған Жайлыбай бабамыз Мықтыбайдың Сары, Жабай батырлармен кезінде үзеңгілес болғанын естіген екен. Батыр туралы ел аузында аңыз-жырлар өте көп. Соның бірінде: "Қазақтың намысы үшін басын тіккен Шайқалып кетпесін деп керегесі. Аңсаған азаттықты халық үшін, Қалғанша қасық қаны жері үшін Соғысып Ертіс, Есіл өзенінде Қызылжар, Баянауыл маңайында", – деп келеді. Бұл шумақтарды қағазға түсірген Қабдол Ердәулетұлы. Алматылық ақын Анарбек Бердібаев "Мықтыбай батырды еске алғанда" арнау поэмасында: "Баян бастап желбіреген байрағы, Атқа қонды бар Қызылжар аймағы, "Жекпе-жек" деп Есіл өзен бойында, Атойлаған естен кетпес ойраны. Сары батыр, Есет батыр, Күлеке, Көшекұлы Шақшақ батыр, Итеке, Жанай батыр, Жантай батыр, Мықтыбай, Жорықтарда қол бастаған Толыбай. Шықты талай жоңғарлармен шайқасқа, "Жекпе-жек" деп талай батыр ойқастап. Руы Қантай – Бекайдарұлы Мықтыбай, Ол да шықты "жекпе-жекке" айқай сап. Жау батырын түйреп салды найзамен, "Өлтірме" деп жалынғанды тыңдай ма! Сол жоңғардың өлерде айтқан қарғысы, Жеті ұрпаққа жалғасып бір қалмайды. Аңыз емес, оқиға бұл сенгісіз, Ер елінің шыққан емес

есінен, Замандардың қалған емес көшінен. Ауыл, көше, қорым, қыстау атауы, Аталады "Ер Мықтыбай" есімімен", – деп келтірген. 2019 жылы 9 желтоқсанда "Egemen Qazaqstan" газетінде: "Батыр – бәріне ортақ байтақ қазақ жерін қорғаған. Ел басына күн туғанда алты Алаштың баласы осылай тізе қоспаса, мына өлке ұрпаққа мұра болып қалар ма еді?! Бабалардың ірілігі, намыстылығы, бауырмалдығы бүгінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Бөлінбей Қазақстан деген бір тілеумен өмір сүретін кезең қайта басталды. Бұл – елдігіміздің белгісі. Жырақта жатқан бабасына белгі орнату батыр бар қазаққа ортақ екенін білдіреді және қазақ жерінің біртұтас екенін дәлелдейді. Ағынтай мен Қарасай батырлардың сүйектері Айыртаудағы Құлшынбай төбесінде жерленген. Батыр Баян бейіті Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы зиратында. Батыр Баянның серіктесі, теріскейлік Мықтыбай Бекайдарұлы да осы жерде қоныс тапқан. Жақсыны ардақтау, оған қарап бой түзеу, кісілік қалыптастыру – дәстүр талабы", – деп жазған Нұрлан Ердәулетұлы есімді автор. Мықтыбай батыр жайлы басқа да деректер Қазақстан ғылым академиясының тарих және этнография институтында, Орталық кітапхананың қолжазбалар қорында Ж.Әлібаев, Н.Бегалинов, Ш.Есмағамбетов, С.Жұмадиев және т.б. адамдардан жазып алынған мәліметтерде, "Есімдері ел есінде" (А.Тасболатов,2012жыл),"Тағзым"(Н.Мұхаметқалиев, 2013 жыл) кітаптарында, "Президент және халық", "Қазақ елі" (2015 жыл), "Қазақстан заман" (2016 жыл), Алматы облыстық "Жетісу" және Петропавл қалалық "Қызылжар нұры" газеттерінде жарық көрген.

Мықтыбай батырдың туғанына биыл 300 жылдан асты, артында қалған тікелей ұрпақ болмаған соң

оның ерліктері мен еңбегі уақытылы дұрыс бағаланбай келгені өкінішті. Бұл олқылықтың орнын толтыратын уақыт жетті. Батырға арналып Баян ауылы Мықтыбай қыстауындағы қорымда ескерткіш орнатылып, баба рухына дұға бағышталды.

Жанбатыр Сартаев, ҚР ҰҰ Әскери институтының педагогика және психология кафедраснын профессоры, ҚР және РФ Әскери ғылымдардың академигі, отставкадағы полковник

Серікбай ҚҰСАЙЫНОВ, Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы 29 қаңтар 2021 жыл Петропавл қаласы

## Кредо жизни

У каждого человека есть место на земле, с которым связано для него все дорогое и непреходящее во многом определяющее смысл жизни. Время не может изгладить, вычеркнуть из памяти следы замечательной поры человеческой жизни. Когда одни молятся о вечном покое, жизнь считают испытанием, наш бог предпочитает чистоту и порядочность, главенства богатства духа. А порядочность и честность-удел не каждого. И цель не нравоучения и назидания, а показать на примере личностей, каким трудом добивались они признания общества.

Ясно одно, каждый человек хочет найти свое место в жизни. В Послании Елбасы “Нурлы жол” к народу много внимания уделено молодежи. Время дерзать. Свое жизненное кредо должны разработать так,чтобы оказалось возможным осмысливать каждое мгновение жизни. Это есть убежденность в том,что такое идеал и какими средствами его можно достиг-

нуть. Для этого нужны талант, старания, знания, умение и мастерство. Г.Селье писал, что в коре мозга человека заключено мыслительной энергии сколько содержится энергии в атомном ядре. Возможности человека неисчерпаемы. Но не каждому дано быть Эйнштейном, Курчатовым, Оппенгеймером. Павлов считал, что человек есть, система, единственная по высочайшему саморегулированию. Большую роль играют гены. Так, в древе И. Баха 56 музыкантов, у Бернулли 14 крупных ученых. Талантами обладали семьи Дарвина, Кюри, Штрауса, Тициана, Ван-Дейка, Жубановых. Философ Гельвеций утверждал, что талант, его высшая форма –гениальность не зависит от наследственности, все чем становится человек определяется воспитанием и обучением.

